


Каз 2
i-15

ЕРКІН
ІБІТАНОВ

Хантәңірі, қайдасын,



ЕРКІН
ІБІТАНОВ

ХАНТЕҢІРІ, ҚАЙДАСЫН






ЕРКІН ІБІТАНОВ

Хантәңірі, қайдасың

Поэмалар



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1989

ББК 84 Каз 7—5
I 15

и — 4702250202—181 — 26—90
— 408/05/89

ISBN 5-610-00560-4

(C) «Жалын» баспасы, 1989

*Мұқағали Макатаевқа ескерткіш.
Автор*

ХАНТӘҢІРІ, ҚАЙДАСЫН

ПРОЛОГ

Аяз көңіл шабыт отын жақпас-ты,
Бүгін менен өлең безіп, бақ қашты.
Ой қожырап, тұғырына қона алмай,
Семсер сезім күнгірт тартып, дат басты.

Тіршіліктен үзген бе әлде күдерін?
Бей-жай ғана жыбырлайды жүрегім.
Кайран жүрек, асыр салған дөңбекшіп,
Ол туласа, ағыл-тегіл жыр едім!..

Ағыл-тегіл жыр едім-ау, жыр едім —
Түріп тастап қайғы-мұнның түнегін.
Енжар күнді — көнбіс күнді жатсынып,
Астан-кестен иөсер, дауыл тіледім.

Дауыл, дауыл сокса дедім асқындал,
Жер сілкінсін тау қопарып, тас турап.
Ағыны мол, арнасы тоқ өзендер
Жатсын дедім жарды сүзіп, тасқындал.

Біліп алмай өз қуатын, өз әлін,
Кім көтерер ақындықтың тозағын?!
Нөсер керек, нөсер қажет ақынға
Шаю үшін кір көңілдің тозаңын.

Тасқын керек, тасқын қажет ақынға,
Үмтылысқа, жұлқынысқа шақырған.
Сезімің тұңғиғын сапырған,
Киялынды тереніне батырған.

Шөгіндіні, лайсанды аластар
Тасқындар ғой ағыстарға жол ашқан.
Ақын жолы, ақын жолы осындай:
Қактығыстар... қайшылықтар... таластар...

Тоқырау ғой жуас өмір сүргені,
Тартыс, талас күндері де түндері.
Кедір-бұдыр, күңгірт-бұлдыр тағдыры,
Ақын жолы күрделі ғой, күрделі.

Ақын жанын түсінбеген пенделер,
Сірә, оны әпендеғе тенгерер.
Сонда-дағы Ақынына ерген ел,
Сонда-дағы ақындарға сенген ел.

Ол — данышпан, ол — кеменгер десек те,
Миы жетпес майда-шүйде есепке.
Қашан көрсөң нысана бол жүргені
Қанқу сөзге, қарау пейіл өсекке.

Ақын адам қашан арын аттады,
Мансап сұрап, сөзін бұлдаپ сатпады.
Озбырлықты осып түсіп, ойран сап,
Киянатпен қылыштасып жатқаны.

Ақын болу — сезімге сын, ойға сын,
Жыр өртінде қаның, миың қайнасын,
Мансап, байлық құрбандыққа жайрасын,
Ақын жолы — шыңға тартар қия жол,
Кия жолда табаны тек таймасын.
Ақын жолын баяндайын халқына,
Хантәңірі, қайдасың?!


БІРІНШІ БӨЛІМ

Касіретті жастанған үл









БІРІНШІ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА ҚАРА ЖҰТ

1.

Сүйінші бер, ағайын, сүйінші бер,
Куанышпен шешілсін түйін шідер.
Қоржын тамға қоныпты шілдехана,
Сұлейменнің үйіне жиылсын ел.

Көрімдік бер, ағайын, көрімдік бер,
Жаксылықтан қай қазақ шегіндік дер.
Жатыр әне шырылдаپ бір нәресте,
Азаматың келешек сенім жүктөр.

Үлкен-кіші именбей еркін келсін,
Куанышқа ән мен күй серлін берсін.
Қарасудың жағасы думан болып,
Қараша үйдің түzlігі желпілдесін.

Неге қарап тұрсындар, оу, қатындар,
Жер ошактың жалынын лаулатындар!
Қара шалдан, жігіттер, бата сұрап,
Қасқа биені алып кеп аунатындар!..

Тәлейім жұрт перзентке нұр тілесін,
Көсілейік — көңілдер бір түлесін.
Көк серкені шалындар көкпар үшін,
Көктебенің баурайы дүркіресін.

Жақсылыққа садаға қой мен ешкің,
Куанышты тыймайды қой деп ешкім.
Нәрестенің тірлігін той бастасын,
Бар ғұмыры осылай той бол өтсін!

2.

...Амал қанша, бұл бірақ елес еді,
Жыртық үйде уілдеп жел еседі.
Нағиманның қалжасын қайтеміз деп,
Қабырғамен Сулеймен кеңеседі.

Амал қанша, жомарт қол қыскаланды,
Еншісі кем ағайын тыста қалды.
Қас қылғандай сол жылы Қарасазда
Қасарысқан қара жұт қыстаған-ды.

Қасат буркеп жайылым — жал, жылғаны
Мұз бол қатты Қарасаз шалғындары.
Әзеуреген өңеші аш кез акпан
Аша түяқ адал мал қалдырмады.

Жұрт жұтаса береке қашар елден,
Құлазиды төр алды, төсек, ірген...
Жұртта қалған бұралқы ит қыңсылайды,
Ошактардың оттары өше берген...

Несібесін ажал да мол қарманты,
Кейбіреуге үрпак та жалғанбапты.
Куанышты, күлкіні, тіршілікті
Ажал деген айдаһар жалмап жатты...

3.

Сұлеймен бе ел-жұрттан жекеленген,
Сол жоқшылық оған да төте келген.
Жалғыз қасқа биесі өткен күзде
Жетегінде бандының кете берген.

Қашқын, банды дегеннің талайы бар,
Оның мәнін кім біліп, қалай ұғар?
Ел шабысқан ежелгі дұшпан емес,
Консы қонған кешегі ағайындар.

Бай-манапқа бағынып үн шықпастан,
Сағым билеп санасын, қырық басқан.
Туған жерге тігілген Қызыл тудан
Үрейленіп Қытайға үркіп қашқан.

Жай кеткен жоқ — ойрандал, кернейлетті,
Ел ризығын қомына теңдей кетті.
Ат үстінен, жана өмір жаршысына
Қамшысы мен қанжарын сермей кетті.

Қөлке дейін сол сойқан тоқтамады.
Банды бол кеп мылтығын оқтанады.
Ауыл Совет, қосшының кеңселерін
Қапылыста өрт қойып, отқа орады.

4.

Тал бесікте нәресте шырылдайды,
Шырылдайды — мән-жайды ұғынбайды.
Емізерде Нагиман күрсінеді,
Тының әже көз жасын сығымдайды.

Асан ата ақылмен дем береді,
Талқан бекпен — сәбиді емдегені.

Өз үйіне кіруден өзі именіп,
Сыртта жүріп Сұлеймен сенделеді.

Шырылдайды...
Ашы еді үні неткен,
Бойды қарып, сезімді дірілдеткен.
Неткен мұнды, зарлы еді мына дауыс,
Шырқыраса жүректі бүріп өткен...

Тірі қалып, жұлдызы жанар ма екен?
Қайғы-мұңсыз құлқісін табар ма екен?
Жоқ, әлде...
Осынау бір зарлы дауыс
Әмір-баки серік бол қалар ма екен?

Мына бала — жүргегі жұқа бала,
Малмен бірге мұны да жұт ала ма?!
Әлсіреген бір үміт қайта маздал,
Оты сөнген жер ошақ тұтана ма?

Талшық іздең титықтап, тұралапты ел,
Қотыр тамның жыртығын сыналап көр.
Нәрестенің бесігін тінтіп жатыр
Сумандаган сұық жел, сұғанак жел...

Тұтіндейді, бықсиды тұтамай қи...
Қырау басқан тал бесік... жұтаған үй...
Тал бесікте шарқ ұрып шырылдайды
Сұлейменнің тұңғышы — Мұқағали!

5.

...Оятты да сұп-сұлық шөккен белді,
Кектем келді.
Иә, сәт!
Кектем келді!

Арманы еді-ау ёл-жүрттың көптен бергі —
Қарасаздың түтіні көкке өрледі.
Аңыздады атызға бөктердегі —
Иықтарда күрегі, кетпендері.
Мойынтурық асынған өгіздерге
Соқа емес, арман ғой жеккендері.

Қайдагы өгіз жұтаған қоныстағы,
Мына жүртқа көршінің болысқаны.
Енші бөлді ертеден колхоз болған
«Красный пахарьдың» орыстары.

Егіске соқа-сайман, тұқым берді,
Сөніп қалған ошаққа түтін берді.
Олардың босағасы мығым еді,
Жұт ала ма күн бұрын күтінгенді?!

Қорасына мал берді, ақыл берді,
Кей тамыр жүгені мен атын берді.
Сондықтан ба, Қарасаз орыстарды
Банды болған туыстан жақын көрді...

Өз туысы жат жерді жүр сағалап,
Бауырына басқа үлт тұрса балап.
...Сондықтан ба, қазақша ат қойылмай,
«Мирзоян» деп аталды бұл шаңырақ...

...Бастарына қара жұт — аш күн өтіп,
Аласапыран, лайсаң тасқын етіп,
Есін жиған Қарасаз колхозына
Сүлейменді сайлады бастық етіп.

6.

Қарасаз!
Бұл өлкө көп жырланады,

Қектем келсе қеудесін гүл жарады,
Қарасудың көйлегі — бәртпе шілік,
Ит тұмсығын өткізбес шырғанағы.
Бозқараған қектемде құлпырады-ау,
Сары алтындаі сары гүл — сырғалары.

Қара жұттан қарымта қайтарарадай,
Атаконыс қасқайып нұрлаңады.
Мыңғырып жатпаса да қырда малы,
Көгінде көгендеулі тырналары...
Қарасаз!
Қарасаз деп жырланады,
Жыр жолында шежіре-сыр қалады.
Елшенбүйрек мұнды тау, мұнарлы тау
Оқшауланып, тұнжырап тұрған әні.

Өксулі өркеш-өркеш шоқылары
Тұманды тұмшаланып тұлданады.
Ата-баба гөй-гөйі есінде ме,
Қарағайы бас шайқап ырғалады.
Ананың көз жасындаі көк бұлағы
Еңкілдеп еңіс куып сырғанады.
Әженің әжіміндей шимай-шимай
Беткейін осып түскен жылғалары.
Осы сурет күй шертіп, жыр толғап тұр,
Қағазыңа жазып ал, тыңда-дағы!
...Қарасаз тек сол үшін алып қалды
Қара жұтқа жібермей бір баланы...

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚАРА СУДА ИІРІМ

1.

Құлактанды Қарасаз атырабы:
— Сүлеймен бүгін тойға шақырады!
Асау тайдың қазысы, жал-жаясы
Қазанда тулап, мөңкіп жатыр әне.
Ожауын оң ұстаған Тиын әже
Сорпаны деміл-деміл сапырады.
Қуанышпен құлпырған Нагиман да
Табақ жинап көршіден, шарқ ұрады.
... Тұңғышы тұңғыш рет мектеп көрсө,
Әке несін аянып тартынады?!

Баласына баянды бақ тілеген
Қазақтың қанға сіңген салты-дағы.

Әке байғұс несіне тартынады,
Қуанышқа ел-жүртyn шақырады.
Дайындалған той дәмі
Қарасазға
Жетпек түгіл, көл-көсір артылады.

Кенет!..
Кенет қоржын там қалтырады,
Қуаныштың шайқалып шам-шырағы.
Бадырақ көз уәкіл Қадамбаев
Ат үстінен айқай сап арқырады!..
...Макатаев Сүлеймен мәселесі
Ертесіне ауданда талқыланды.

2.

Былай еді талқылау даурығысы:
— Менімше, Макатаев — даулы кісі.

Пигылы ала бөтен...

— Қоғамға жат!

— Істемегі кертартпа жаудың ісі!

— Әзірше бұқпантайлас, сыр білдірмей,
Төтенше таң қаларлық сау жүрісі.

— Тілу керек таспа қып жон арқасын!

— Жауап бер, неге сенім жоғалтасың?

— Неге сен балаң үшін ырым қылып,
Ескіліктің қоздырдың қоламтасын?

— Тілеп жүрсің, білеміз, сен де осыны,
Аян бізге олардың жөн-жосығы.

Сенің сол бауырларың дәмдес болған
Қамалды Сейфуллині, Жандосовы!..

Байқаймыз, сен оларға жақтасасың,
Елдің ішін булдіріп, шоқ шашасың.

Әйтпесе неге түнде жас балаңа
Жансүгіров өлеңін жаттатасың?

...Сүлеймен сұп-сұр болып, нала қысты,
Өзекке арлан еніп, талады ішті.

Бағына — байсалды бір қарт большевик,—
Аупарккомның хатшысы ара түсті.

Ара түсті... беделі жалаулы еді,
Жанып жатқан ішінде алау кегі.
Көп кешікпей оған да кезек келді,
Жарықтықтың сағаты санаулы еді...

3.

Сонымен той дастарқан жайылмады,
Тағдыры ғой арманнан айырғаны.
Айырғаны — жүректің шайылғаны...
Шаттықтың шалқарында жүзем деген
Кемесі кеп қайраңға қайылады.

4.

Зерек шәкірт үш айда хат таныды,
Ажыратты алдағы, арттағыны.
«Қозы Қөрпеш — Баянды» сарқып оқып,
«Ер Тарғын», «Қобыландыны» жатқа білді.
Алғашқы мұғалімі Жамал тәте
Балаға мейірі түсіп актарылды.

Тәлімді тәрбиесін аямады,
Су сеуіп баптағандай бақта гүлді.
Тек ол емес, Қарасаз таң көрісті
Қайсаrlығы қасқырга тартқан үлды.
Ешкімнің көмегінсіз, демеуінсіз
Жалбыр жалға жармасып атқа мінді,
Атқа мінді — патша бол такқа мінді.
(Ұнататын шамалы мақтануды)
Шоқтығына қонғанда шу асаудың,
Әттеген-ай, білмеді-ау сактануды.

Құйғытып кетті жаққа басы ауған бір...
Сол мінездің өзінен жасалған жыр.
Бәлкім, сонда-ақ серігін тапты ма екен
Шу асаудай тулаған асау Тағдыр?!

Әттең, дүние әкесі тек демеді,
Мүмкін соған мұршасы жетпеген-ді.
Тақымында асау тай — асау тағдыр,
Ауыздықпен алысып кеткен еді...

5.

Үмтүлады ел озуға, ту алуға,
Берекесі бейбіт күн шуағында.
Өзіме деп өзеуреп тұрмайды ешкім,
Ұрлық деген ұғым жоқ бұл ауылда.

Бойкүйездік — бор көніл қашық еді,
Намыстары наркескен асыл еді.
Мінездері найзагай — Жасын еді,
Ынтымағы ырыс бол тасып еді.

Мансұқ еткен ешкім жоқ мал жинауды,
Ортақ малдың өрісі — шалғындары.
Биік еді шешендік тіл өнері,
Ұстарадай уытты қалжындары.

Тапқыр сөз мың теңгеге тұрып еді,
Тентекті жөнгө салар құрық еді.
Өзіне арнап айтылса аталы сөз,
Кім де болса тоқтайтын, тынып еді.

Сөзге тоқтап дау-дамай тынып еді,
Пасықтықты жуадай жұлып еді.
Еңселер Елшенбүйрек биігіндей,
Көнілдер Қарасудай тұнық еді.

Қасиеттеп ұялу, арлануды,
Аялайтын өнерлі саңлақ ұлды.
Құрметтеп Атакелді, Өмірзакты,
Пір тұтқан от ауызды Жанғабылды.

Шеттерінен шығатын шешендері,
Шешендері — көшелі көсемдері.
...Кейінгі ұрпағына мұра болып
Қалар ма екен сол дәстүр осы елдегі?!

Дәстүр бар ма деп қойса жалғанбайтын,
Жақсы сөз бойды шарпып, жанды арбайтын.
Сондықтан ба: төстегі бойжеткендер
Сазға келін болсақ деп армандайтын...

...Қырман басын кеш болса той құшатын,
Бүгін, міне, тағы да жайды салтын.

Жігіттер мен келіншектер тізе қосып,
Тұн ортасы ауғанша айтысатын.

Осылайша Қарасаз сайран кұрсын,
Шарықтатып өлеңнің арман құсын.
Мына жұрт сабан інде күлақ түріп,
Ұлы ақынның жатқанын қайдан білсін!..

6.

Қайдан білсін, ол жайды үфатын кім,—
Құрбандық қып үйқысын мына түннің,
Сабаннан бас қылтиып отырғанын
Тогыз жасар тойқұмар бір ақынның?!

Әкем бастық еді-ау деп шіренбекен,
Алайда бойында мол жігер деген.
Жәбірленсе көзінен жас тамбайтын,
Ерегіссе есесін жібермеген.

Жат болатын кесапат, кесір деген,
Жағымпазға жайылып шешілмеген.
Жәдігейді, мансапты кешірмеген,
Өмір бойы сол атын өшірмеген.

Жан беруден досы үшін тартынбаған,
Адал еді ақ көңіл анқылдаған.
Өткірлігі наизағай жарқылдаған,
Ұшқырлығы сақпандай сартылдаған.

Жок болатын шалт мінез шайпаулығы,
Басым еді сенімпаз анқаулығы.
«Доспын» деген пендениң қолында еді
Өмірі... денсаулығы — жан саулығы...

Сол мінезді, япыр-ай, қайдан алды,
Қайдан алды, ақыры қайда қалды?!

Кейінгі әндес достар, дәмдес достар
Парша-парша бөліп ап, пайдаланды...

ҰШІНШІ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА ҚАСІРЕТ

1.

Тоқшылық, бар дүние бүтін міне,
Көкке өрлеп тұзу шыққан тұтін міне.
Тұңғыш ұл мақтау қағаз алып келді,
Үздік бол бастауышты бітірді де.

Кол ұзарып, қенейген тынысы бар,
Еңбегінің еншісі — кірісі бар.
Тиын әже ұнға сап сақтап жүрген
Соғымның сартап болған сүрісі бар...

Тірлігі бір тілекtes дос адамы
Куанышпен аттасын босағаны.
Ұрандап жалпыға жар салмаса да,
Жұпымның домалақ той жасалады.

Осы еді ғой арманда, аңсағаны,
Әке байғұс мал түгіл, жан салады...
Зерек өскен зейінді баласына
Бүкіл ауыл сүйсініп, тамсанады.

Әкенің мәртебесі шарықтайды,
Қалайша ой тұсауын ағытпайды.
Арманы ақша бұлттан әрі самғап,
Киялы қыран болып қалықтайды.

Нұр арман асқарларға жөнеліп тұр,
Жыр арман шуағына бөленіп тұр.
Гүл арман көбелегін қонақтатып,
Ну орман көсегесі көгеріп тұр.

Осында қуанышты көңіл елеп,
Бас сұқса, отырсын дос төріне кеп.

...Шынында мына ғасыр — қағаз ғасыр,
Мактап жазған қағаздың жөні бөлек!

Әлсіз қағаз талайды жерге жықты,
Улы қағаз талайды көрге тықты.
Қағазыңды сайлап ал, қамданып ал,
Қағазың мықты болса, сен де мықты!

Қағазбенен шығарып дәу жарлықты,
Қағазбенен түзейсің ауған жүкті.
Саған сілтеп жазылса зілді қағаз,
Сонымен-ақ құрисын, саудаң бітті...

Жұрт сыртынан жүрегі түкті деп жүр
(Ал Сүлеймен көнілі күпті боп жүр.
Ресми білімің жетпейді деп,
Қадамбаев күн сайын түрткілеп жүр).

Қын ғой тәрік қылса тамашанды,
Пасықтық пәк көнілге жара салды.
Бүгінгі қуаныштың бір сыры бар,
Өзі алмаған Қағазды баласы алды!

...Орындалып арманы — ойлағаны,
Сүлейменнің үйінде той болады.
Ұлы тауға ұрпағы көтерілсін,
Өзі мейлі егін сап, кой бағады.
...Бүгін оның үйінде той болады!

2.

...Сүлейменге ол той да бүйірмапты,
Бұл тағдырдың бүйірғы қын, қатты...
Түс әлеті болғанда шаң өріліп,
Тұзқөл жақтан салт атты құйындарды..

Кезең еді-ау ол да бір қалтылдаған,
Қатқан дәulet таңдайдан артылмаған.

Радио жок еді саңқылдаған,
Телефонның желісі тартылмаған.

...Құйындастып хабаршы ауылға енді,
Сол құйынды қуалап дауыл келді.
Естігенде ет жүрек тітіркеніп,
Көздің жасы көл болып сауылды енді.

Соғыс! Фашист! Зәрлі сөз үрлап күнді,
Құлактарға кірпі боп тырнап кірді.
Қарасаздың ыңырсып тал-шілігі,
Үрейлі бір дастанды жырлап тұрды.

...Барлығы майдан үшін! Майдан үшін!
Қалай да жою керек сойқан жауды.
Кімге, қашан шақыру келеді деп,
Аудан жаққа жанарлар жалтаңдаулы.
Кезегі келген кезде тез жиналышп,
Жорыққа кетіп жатыр бар тандаулы.

Азаматтар, армандар, ак үміттер
Соғыс атты қазыққа арқандаулы...
Сүм соғыс кімді мұндан шет қалдырыды,
Он жасар ақынға да қақпан құрды,
Тасөткелде қоштасып, көңіл тас бол,
Ол да әкесін апатқа аттандырыды.

Шаң тұрып көнілдің гүл шашағына,
Аттандырыды жанардан жас ағыза.
...Бір айдан соң Талғардан хаты келді,
Қосылыпты Панфилов жасағына...

3.

Кайғы-шерге ұласып тойдағы әні,
Нагиман бұл күндері қой бағады.

Кім онда жұмыс таңдап, тұрмыс талғап,
Кірпияз, кінәмшіл бол бой бағады.

Үйі толы мұлкі жок қызыл-жасыл,
Қаптаң қойған ұны жок қоймадағы.
Абысыны Дәмешпен серіктесіп,
Бұл күндері Нагиман қой бағады.
Тамашасын жайлаудың аңсаған жок,
Мұқағали қорегі — ойлағаны...

Койшылыққа ерігіп бармаған-ды,
Бейнетті өзі бел байлап, таңдап алды.
Мұқағали оқуын үзбесін деп,
Тиын әже тапжылмай тамда қалды.

Өлең-жырмен көтеріп нағыз дабыл,
Қара көзден ыстық жас ағызған ұл.
Өзінің кім екенін білді ме екен?
...Әзірше масак теріп, анызда жүр.

4.

Қарасазда бір шал бар,— ділмар еді,
Әр сөзінде астарлы сыр бар еді.
Өлкенің ойдағы елі, қырдағы елі,
Сөйлеп кетсе тырп етпей тыңдар еді.

Саяқ сөзі сақпан бол атылады,
Жаманды жапырақтай жапырады.
Мәні тосын мәтелді, мақалынды
Астаудағы саумалдай сапырады.

Эңгіменің дүкенін қыздыратын,
Сөздің басын тізгіндеп, жүз бұратын.
Бата берсе — тас көніл майдай еріп,
Карғыстаса — қанынды мұз қылатын.

Қайырымы талайға тиіп еді,
Елі де оны елжіреп сүйіп еді.
Қызыр қонған секілді ол қонған үй
Мэртебесі, байрағы биік еді.

Өмірзак шал — бұл күнде үрейлі шал,
Қайғы алып кеп, сол үйге түнейді шал.
Тұл ошаққа өлімді естірткен сон,
Өзі бірге күйзеліп жүдейді шал.

Сол сәттегі қорқыныш шексіз еді,
Әйткені ол сұық хабар жеткізеді.
...Мінеки, өңін бұзып Өмірзак шал,
Сүлейменнің үйіне бет түзеді!..

5.

...Тек есінде: «Әке!» — деп шыңғырғаны,
Шыңғырғаны — сол ғана тындырғаны.
Құлпыланып құлағы дың етті де,
Көздің алдын бұлт басып бұлдырады.

Ғайып болды сол күні-ақ балалығы,
Ойсырады — жетім бол тағдыр бағы.
Кейбіреудей еңіреп жылаған жоқ,
Жыр бол шықты: «Әке!» — деп шыңғырғаны.

Алғашқы жыр қыздарға арналмады,
Алғашқы жыр ұранға жалғанбады.
Алғашқы жыр ешкімге оқылмады,
Ешкім оны бағалап таңдашибады.

Үрғақ бол тұздегі ісі, үйдегі ісі,
Жырменен салқындай ма күйген іші?!
Махаббат одасы емес, жоқтау жазса,
Бір сәтке тыншығандай күйзелісі.

Ойлатып, табыстырып терендерді,
Өмір — ұста сомдады кеменгерді.
Он үш жасар жетімге қатал Тағдыр:
— Мә, әкеңнің күны! — деп өлең берді!..

6.

Жетімдік!...

Сұрқай, сұық ызғарлы ұғым,
Сырқырап сай-сүйегің сыздар күнін.
Арқауын арманыңың үзіп тастап,
Жол сапар керуеніңің бұзған жүгін!

Жетімдік — ақ көнілде қалған дағың,
Жетімдік — жоқшылыққа жалғанғаның,
Жетімдік — наң сұрауга арланғаның,
Арулап көміп қойған армандарың.

Жетімдік — пәс көнілді нала күнің,
Жетімдік — ерте оянған даналығың.
Жетімдік — күн көріске құрбандық қыл,
Жұртыңа тастап кеткен балалығың.

Жетімдік — тынып қалған күлкілерің,
Жетімдік — сынып қалған бір тірегің,
Жетімдік — серік болған тұн-тұнегің,
Жетімдік — сөніп қалған нұр тілегің.

Жетімдік — бейнетпенен табысқаның,
Тағдырмен бетпе-бет кел шабысқаның,
Алысталап ағайын, дос, таныстарың,
Тапталып кебіс болған намыстарың...

Жетімдік бас асауға құрық салған,
Жетімдік — ыза-кегің тұнып қалған.
Жетімдік — жалтаң көніл, жасқаншактық,
Айта алмай айтарыңды бүгіп қалған.

Жыр жазу қайда оған ағытыла,
Тұсау сап тулап түрған шабытына,
Бет түзеп жетімдіктің бағытына,
Бас сұқты жетімдіктің қамытына!..

7.

Зіл бейнет көк желкеге қона қалды,
Бал күлкі, нар көнілді тонап алды.
...Сықырланп өтрезі, балдақтары,
Майданнан мүгедектер оралады.

Айтады бар білгенін, бар көргенін,
Мәскеудің түбіндегі бір шайқаста
Ерлікпен Сүлейменнің жан бергенін.

Жауларды жалып болып жапырғанын,
Қайратын қаһарланып шақырғанын.
...Айтады —
Кадамбаев дизертир бол,
Стройдың алдында атылғаны...

Кім ер бол Отан үшін рухтанды?
Кім қорқып, жанын күйттеп, бұғып қалды?
...Айқын бол арамдықтар, адалдықтар,
Соғыста, сын сағатта сұрыпталды!..

8.

Жесірлер...
Жесірлердің күні құрсын!
Жесір қалсан — айнаның сынығысын.
Құр сүлдерің...
Өксіген өмір кешіп,
Адамдардың ішінде тірі жүрсін.

Жесір болсаң — тамұқтың тұсындасың,
Бақыт құсын басынан ұшыргансың.
Борал соққан өсектің өтіндесін,
Сумаңдаған тілдердің ұшындасың.

Ерлі-зайыпты адамдар қарсы келсе,
Өз-өзінен қаймығып қысылғансың.
Бейпіл сөзге, бейнетке бағынышты,
Бәріне де көндігіп ысылғансың.
...Жесір болсаң — тамұқтың тұсындасын...

Жаутандаған жетімдер анасысың,
Қауқар болған қам көңіл панаңысың.
Перзентінді санатқа қосу үшін
Сор-бейнеттен аласың жан ашуын.

Балаң үшін бөгейсің тасқыныңды,
Балаң үшін қарсы алып аш күнінді.
Тұні бойы дөңбекшіп төсегінде,
Көз жасымен жуасың жастығыңды.

Бақастықты басынан қарғытасың,
Зарықканда запыран — зар жұтасың.
Соқа айдайсың шалдығып, шаң жұтасың,
Кой соңында қиялды қаңғытасың.

Қиялыңда үмітің гүл ашады,
Нұрын төгіп шоқыдан күн асады.
Сондай сәтте бірауық ән саласың,
Салған әнің жоктауға үласады.

Құлактарда сол сұңқыл қалады әлі,
Қайғы бұлтың қанша жыл тарамады.
Балаларға бейнетің азық болып,
Шапанына жамау боп жамалады.

...Жесірлердің көйлегі бүтін бе еді,
Жанын күйттеп, жасанып күтінбеді.
Жылдағы алар сыйлығы орден емес,
Баласының бір класс бітіргені.

Нагиман ғой, Нақаң ғой жыр арқауы,
Кой бақтың деп оған кім сын артады?
Сұлейменнің сүрінбей Аманаты,
Жақындасып арманы — шығар тауы.

Өзі кейде нәр сыйбай аш қалады,
Кой қайырған дауысы тас жарады.
...Он жылдықты баласы бітіргенше,
Ақ таяғын Нагиман тастамады.

9.

Жесірлер!
Кайғы жұтып, қарс ұрғандар,
Соғыстың соққысына жаншылғандар.
Өнеге мен өмірді емізіндер,
Таусылмаңдар, әзірше таусылмаңдар!

Жесірлер!
Тіршілікті тербескендер,
Соғыс өртін солдатпен тен кешкендер!
Жігерлерін семсер ғып сермескендер,
Ажалменен, аштықпен белдескендер.
Женіс кунін жетелеп, жеделдетіп,
Фашизмді көр қазып жерлескендер.

Жесірлер!
Жарын жоктап шаш жұлғандар,
Баласы үшін бастарын тасқа ұрғандар.
Қытымыр қатал сыншы — ар алдында
Қасқайып емтиханды тапсырғандар.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА МЕЙІРІМ

1.

Той бол жатыр!
Қарасаз тойлап жатыр!
Кербез өлкө керіліп жайнап жатыр,
Бар несібе қазанда қайнап жатыр,
Көңілдерде бұлбұлдар сайрап жатыр!

Той бол жатыр!
Шаттықтан нәр алып бір,
Мына дүние күлкіден жарагалып тұр!
Қас арудай Қарасу сымсыздайды,
Мәз самалға құба тал таранып тұр.

Жап-жасыл бол жасанған Елшенбүйрек
Елжірейді шынына таралып нұр.
Жеңіс жырын тынымсыз құйқылжытып,
Мәлдір көкте бозторғай қадалып тұр.
...Кеудеде қатып қалған қара қайры
Сыртқа сырны шығармай қамалып тұр.

2.

Шағып кеткен соғыстың сүр жыланы,
Кей көңілдер құлазып тұнжырады.
Сонда да думанға кеп кіріп кетті,
Бір күрсініп ішінен тынды-дағы.
Қарасаздан топырақ бүйірмаған
Боздакты ойлап несіне қынжылады?!

Той бол жатыр, Қарасаз тойлап жатыр,
Қайсыбірі ән шырқап, сайрап жатыр.
Шаттық — толқын арнадан асып ағып,
Көңіл кірін жөңкілтіп айдал жатыр.

Бәз біреулер мас болып, жайрап жатыр...

3.

Бір мезетте дүркіреп көкпар кетті,
Көкпар кетті, құйын-жел сокқан бетті.
Кеуделерде намыстар атой салып,
Жанарларда ұшқындан оттар кетті.

Көкпар кетті, ал ақын жаяу қалды,
Асқақ сезім жанышылып, қаяуланды.
Тарпаң тағдыр тағы да тулас жығып,
Мертігуге мәрт көңіл таяу қалды.
Жаяу қалды жетімек, жаяу қалды...

Жаяу қалды, жалыны сөніп кетті-ау,
Тен құрбыдан жоқшылық бөліп кетті-ау.
Жылқышы Қенжебектің, Қаратайдың
Балалары шаңына көміп кетті-ау.

Шаң емес, тұншықтырып нала басты,
Елден қалып егілу жарамас-ты!
...Мас боп жатқан бастықтың Шабдарына
Қарғып мініп, көкпарға араласты...

4.

Тебініп кеп көкпарға араласты,
Айқайласты, айқасты, сабаласты.
Масандау бригадирдің тақымынан
Жұлып алып, өңгеріп, ала қашты!

Бәйге Шабдар өр сілтеп аршындады,
Тұқтарты тасты илеп сартылдады.
Аршындады, демігіп алқынбады,
Бригадир кіжініп қалышылдады.

Мұқагали тізгінін тартынбады,
Жас та болса жан еді-ау нар тұлғалы!

Тоқтата алмас бригадир артындағы,
Бөгет болмас алдында жар тұрғаны.

Егесіп Елшенбүйрек жарларымен,
Жарысып бөктер жолдың шандағымен.
Бұлт етіп Бұрған сайға еніп кетті
Әкесінің үйреткен Шабдарымен...

5.

Қайда барып, қай жерге тоқтар екен?
Мерт болса, кімдер іздеп жоктар екен?
Өмір деген осындай тартыс екен,
Өмір деген осындай көкпар екен!

6.

Тынды соғыс, тыншыды құйын — көңіл,
Ажалы жоқ пенделер үйінде жүр.
Тынды соғыс, ұскірік ызғар тынды,
Қарасазда мейірім — жылынды өмір.

Ес жинады жанынан түңілгендер,
Бейнет жаншып, егіліп, үгілгендер.
Алайда бірден еңсе көтерген жоқ,
Бірте-бірте жазылды бүгілген бел.

Тоқтатқанмен көзден жас ағызғанын,
Өтеген жоқ өмірге қарыздарын.
Иықтарда баяғы күрек, кетпен,
Ат сокамен айдайды аңыздарын.

Жас баланы көмекші жолдасы қып,
Дән себеді диқан шал дорба асынып.
...Көз тігеді батысқа сөнбес үміт,
Көз тігеді жетімдер жолға шынып...

Кия алмайды өлімге боздақтарын,
Киялдайды жесірлер таңды асырып...

Болмаса да үміті жалын атқан,
Жаксылыққа жориды таңын атқан.
...Қайсыбір «қара қағаз» қателесіп,
Кей үйді адасып көп аңыратқан...

Солай болар ма екен деп армандауды,
Қайтсін-ай, суға кеткен тал қармайды.
Бір-ақ сәтте жүректі орган қайры,
Шаттық нұры шалар ма сор маңдайды?!

7. .

...Ауылда шолақ бастық Ақтанберлі
Жетімді желкелеуді мактан көрді.
Бригадир Біләл да бітіспеді,
Кеудесінде күшіктеп көкпар кегі...
...Қекөрім Мұқағали соқасына
Қайдағы аксақ, жауыр, аттан берді...

Колында белсендінің шоқлар мықты,
Әрқалай көтерді гой артқан жүкті.
Табылмай әй дер әже, қой дер қожа,
Көрсеткен бар қараулық, сотқарлықты.
Ауылда жан сауғалап олар қалып,
Жайсандарды майданда оқтар күтті.

Мансапқа айналдырып артқан жүкті,
Жаңыртқан-ды баяғы дақ-қалдықты.
Ел еңбегін өздері иемденіп,
Жоғарыдан мэртебе — мақтау күтті.
Сол үшін жетімдерге қамшы сілтеп,
Жесірлердің басынан ат қарғытты...

Мұны көріп пакырлар тарықты іштей,
Тарықты іштен, ыза бар жанып-піскен.
Бригадирдің қамшысы қатал тиіп,
Бір баланың жанары ағып тускен.

Уа, шолақ белсенділер,
Есте ме, есте ме сол күйрек күндер?
Көңілдерді жүдетіп, күйреттіңдер.
Ел сенімін нықпен көтере алмай,
Қыл шылбырға байлап ал сүйреттіңдер.
Арак ішіп тайрандал, сайрандауды,
Ойрандауды дәл сендер үйреттіңдер!

...Сүрінбеді жас жігіт бұл асуда,
Көріп тұрып құдыққа құласын ба?
Арақсыз той —
Ол кезде қонақсыз той,
Той жасамай үйленді Лашынға!..

БЕСІНШІ ТАРАУ

НАР ТӘҮЕҚЕЛ, НАРЫНҚОЛ!

1.

Сабыр, сабыр!
Асығу жарамайды.
Жазылған жоқ әлі де нала-қайғы,
Ақын әлі шаңырақ көтерген жоқ,
Жетімдіктің зар мұны тарамайды.

Жолыққан жоқ әзірше қалағаны,
Әлі ешкімді жарына баламады.
Қыздар, бәлкім, телміріп журген шығар,
Өзі бірақ қыздарға қарамады.
Кітапхана сөресін сарқып оқып,
Кітабы бар үйлерді жағалады.
Сұңқар ойды кітаппен тояттатып,
Тұлпар ойды кітаппен тағалады.
Сабыр, сабыр!
Он жылдық таусылған жоқ,
Нарынқол. Интернаттың қара наны...

Нарынқол. Интернаттың қара наны...
Алғаш көріп, қала деп шамалады,
Сұлудың сұлап түскен бұрымындай.
Тянь-Шаньның орманды сағалары.
Байынқол Қарасудай қалғымайды,
Бура толқын бұрқырап агады әні.

Өз-өзінен бұлініп,
Дәңбекшиді
Жарылып кететіндей қаганағы.
Қаймығып қаһарынан қалтырайды
Төніл тұрған ақ қайың жағадағы.
Жас ақынның аргымақ қиялдары
Толқынменен толқын бол барады әні.

2.

Кез еді-ау ол-дағы бір қатал келгөн,
Қат-қабат қындықтар қатар келген.
Қарасазда жоқ еді соңғы класс,
Өзінше «онжылдық» деп аталғанмен.

Ұстаздардың тілегі жастың қамы,
Солар ғой өмірге есік аштырғаны.
Директор Максұт ағай жас ақынды
Өзі әкеп интернатқа тапсырған-ды.

Интернат жайлы төсек, үйін берді,
Күпісін шешіп тастап, киім берді.
Басқа пәнді сақадай шыырғанмен,
Орыс тілі ерекше қын келді.

Әрбір жырды мінгізген аттай көрді,
Сарайында сананың сақтай берді.
Мағынасы дүдемәл болса-дағы,
Әйтеуір, жаттай берді, жаттай берді!..

Жаттай берді, кітаптан бас алмады.
Сауық-сайран, ойыннан шашау қалды.
Аулақ еді желөкпе саяқ журіс,
Қызырқының құлпырып жасанғаны.

Тын-тебен табылса кино барды,
Жақсы кино рақат күйге малды.
Кестелі де әуезді орыс тілі,
Өн бойына өрістеп, билеп алды.

Сирек ойнап тең құрбы қатарлармен,
Кітап оқып жолықты атар таңмен.
Ауылдағы Өмірзак атасындай
Сырласатын күзетші Макар шалмен...

3.

Бір тілегі осылай орындалды,
Бір арманы осылай табылған-ды.
Мектепті үздік оқып бітірді де,
КазГУ-дің филфагіне қабылданды.

Қабылданды!
Білім бар, талап күшті.
Талабы сынақтарда дара шықты.
Амал қанша, мұнда да қу жоқшылық
Етегінен шенгелден ала түсті...
Құн сайын түнеп шығар баспана іздең,
Сәті түссе бір рет тамақ ішті...

Стипендия деген тек аты-дағы,
Қымбат шақта таңдайға татымады.
Дүкендердің сөресі тез босайды,
Саудагерге кетеді ақылары.

Бос әуре қамшыланып тебінгені,
Алдында бөгет — арқан керілген-ди.
Астаналық ауданнан келгендеге
Жатақхана, жайлы орын берілмеді.

Қытымыр қыс қылышылдақ келмей тұрып,
Дұрыс шығар биылша шегінгені.
...Соныменен шала туган бір арманын,
Мұқағали мұңайып кебіндеді...

4.

Оқымады қаражат тапшы болып,
Мұны жұрт әлденеге жатты жорып...
Келе сала қолына құрық алды,
Жылқы бақты... жүрген жоқ бақсы болып.

Белін буып бейнетті тапты келіп,
Желіккен жоқ мұрт қойып, шаш жіберіп.
Депутат қып сайлады көп ұзамай,
Ауылдастар ынталы жасты көріп.
Алғашқы сессияда-ақ сельсоветке
Шыға келді бақандай хатшы болып.

5.

Ұмытты арман-жыр боп жатталғанды,
Ұмытты күнде кітап актарғанды.
Жән көрді салықтарды бұрын жинап,
Ауданға акпар беріп, мақтанғанды.

...Аңсаған ақындығы адыра қап,
Әкім болып кетуге шақ қалған-ды...

6.

Аман қалды арманы, құламады!..
Зор мансапқа ұмтылмай бұдан аргы.
Өз еркімен өткізіп хатшылықты,
Кітапхана жұмысын сұрап алды.

Жағаламай жадағай тірліктерді,
Өмірден асқақ арман — жыр күткен-ді.
Ұлы максат біржола үйқтаған жоқ,
Сәлғана кірпік іліп, мұлгіп кетті.
Сұнқар көңіл селт етіп оянды да,
Тулаған түңғиыққа сұңгіп кетті...

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА ЛӘСИМАН

1.

Май тойы!

Майдың жыры...

Майдың гүлі...

Мейірлі күн сәулесі, айдың нұры...

Хрусталь сыңғырындай күлкілердің

Жартастан жаңғырық бол қайрылды үні.

Көңілге көктем нұры қонып тұрды,

Жер-әлем сән-сәулетке толып тұрды.

Аспанды тілгілейді қос қарлығаш,

Қос тірлік бірін-бірі жолықтырды.

Біз енді бәлек емес, бүтін дейді,

Құдік жок — көңіл жүдеп, тұтілмейді.

Қос толқын бір толқын бол дәңгелейді,

Қос жүрек бір жүрек бол лұпілдейді.

Жапарлар ортақ үміт — шокты көріп,

Ажарлар алауланды шаттық еніп.

Бір көңіл бір көңілмен араласып,

Бір тілек бір тілекті танты келіп...

2.

Шибұт ауылы көсілген қойнауда еді,

Сал бәктер, саяқ самал, сайран белі.

Шаттықтың шалқарына тоғытылып,

Бірінші Май мейрамын тойлауда еді.

Толықсып тойламаған үй қалмады,

Мейрамға шалқыған ән, күйді арнады.

Өнерпаз өрендердің сауығына

Кешқұрым үлкен-кіші жиналған-ды.

Сахна...

«Еңлік — Кебек» жүріп жатты,
Жұрт көз қадап, құлағын түріп жатты.
Басты рольде ойнаған қыз, жігітке
Риза бол шапалақ ұрып жатты.

Ойын емес,
Бұл сауық шындық екен,
Ойын болып басталған тірлік екен,
Жұртпен бірге қол соққан Әзімжан шал
Бата беріп жатқанын білді ме екен?

Білді ме екен жастарды жақтағанын,
Аяулысын ақынға сақтағанын.
Жұртпен бірге мәз болған Мәшине апа
Қарасазға қызының аттанарын?..

3.

Бір-біріне ант етіп сөз берген жок,
Алайда олар кездейсоқ кез келген жок.
Сондағы пьеса сөзін ұмытса да,
Рольдері өмірде өзгерген жок!..

4.

Ешкіммен ақылдасып қолға салмай,
Қасына қүйеу қосшы — жолдас алмай.
Мұқағали серігін алып келді,
Үрду-дырду...
Үримшыл той жасамай!..

Тиын әже!
Сұлеймен тірілгендей,
Көн қайғысы таспа боп тілінгендей,
Кораң тамды, «тәубе!» — деп, шыр айналды.
Алты қанат ак отау тігілгендей...

Нагиманның жүрегі жарылғандай,
Өлгені кеп,
Ошкені жағылғандай,
Қапылыста зым-зия жоғалғаны
Қасына кеп, қайтадан табылғандай...

Дүрмек той көрмесек те қызық, аңыз.
Отау үйге баруға қызығамыз...
Женешем келін болып түскен күні
Көк серкенің сирағын мұжығанбыз...

5.

Жастар ғой...
Албырттығы жарасымды,
Асқар-асқар арманға құлаш үрді.
Киялдары самғайды қыран болып,
Алдарынан айқара нұр ашылды.

Келін түсті...
Қарасаз сынасын кеп,
Ширықсын,
Ел сынның шыдасын деп,
Әр мінез, өжеттігін таныды да,
Ләсіманға ат қойды Лашын деп.

6.

Ақын жары қандай жан,—
Білеміз бе?!

Жары жасық ақынмен жыр егіз бе?
Тіршіліктің қамытын сал мойныңа,
Сән-салтанат, байлықтан күдер үз де!

Өрлемейді дәулетің,
Төмендейді...

Таңдал киер көйлегің көбеймейді.
Бала-шағанды өзің бақ,
Нан тауып бер!
Оған ақын бұрылып бөгелмейді!

Сөз айтпа қазан-ошақ, отын жайлы!
Ондай нұсқау жадында тоқылмайды,
Әрге беттер өрісін түзден ізде,
Үй күшік боп қасында отырмайды.

Саяқ жүрген сагатын түгендеме,
Ауыздықтап тізгінін бурам деме,
Шылбырын да бос жібер ұзын тағып,
Ноқталасаң — ноқтала,
Жүгендеме!

Сен ақынмен шын жар боп табыстың ба,
Кәкір-шүкір тірлікпен алыстырма.
Қайсыбір өлең сатқан саудагермен
Ол да сендей ақын деп салыстырма!

Салқын сөзбен санаасын бұргылама,
Шәй-пәйінді күліп бер, тұнжырама.
Тұнжырама!
Көз жібер келешекке,
Ойлама тек бүгінгі күнді ғана.

Рас, кейде түңіліп, тарынарсың,
Жабыгарсың, жыларсың, жалынарсың...
Аңсары ауған бетінен қайтара алмай,
Кұрбандық боп өлеңге шалынарсың.
Сонда да сыртынан сөз қабындырма,
Тұп-тұнық мөлдіреген ары қалсын!

Ақынның кейде әлемге сыймасы бар,
Аларыңды абайлап, сыйласып ал.

Айтпақшы, ми — қазанға маңайлама,
Миында жарылатын минасы бар.

Кейде бір қас батырдай қол бастаған
Жер бар ма бұл арада ол баспаған.
Айрылып қалма сонда, жанында бол!
Қорғай біл жол бикедей «жолдастардан»!

Кейбірі келте жолға сүрелейді,
Сүрелейді, тезірек күйре, дейді.
Кейбірі өсек-жалын қаулатады,
Дабыра қып, таудай қып түймедейді.
Кейбірі жөнін тауып жылынуға
Маздаған нұр-сәулеге үймелейді.

Біреуі садаға қып жазы, қысын,
Қалмайды ақынға ор қазу үшін.
Біреу жүр мұлт кеткенде акті жасап,
Құлап түссе, естелік жазу үшін.

Корғамасаң, сол орға құлайды анық,
Бас иенді қорғай біл шыр айналып,
Түңілме астан-кестен толқынынан,
Асау толқын агады лайланып?

7.

Ақын жары!
Сырыңа қанықнас кім?!
Кейде сен жанарыңсан жалын шаштың.
Ақын жаны алмас кой,
Ақ семсер гой,
Ақ семсерді жаныған шарық тассың.

Тагдырыңа тәзерсің, жүгінерсің,
Жыр — бәсеке,
Бәйге бол тігілерсің.

Алмас жырды қайрасаң шарық тас бол,
Шарық тастай от шашып,
Үгілерсін...

...Мына қыстың қыраулы сыйы бар ма?
Төзे біл,
Жазың жақын,
Күзің алда...
Ақын жаны — қыл қобыз күңіренген,
Қыл қобыздың ішегін үзіл алма...

8.

Лашынның кәсібі — мұғалімдік,
Салиқалы ойы бар, шыдамы нық.
Қосағымен мектепке бет түзесе,
Қарсы алдында жарқырап тұрады үміт.

Қөнілдері көктем бол гүл ашады,
Қайран, жастық!
Жастықтың бұла шағы!
Екеуі оңашада көз қадасып,
Кімнің көзі өткір деп синасады.

Әдемі үндер ән шырқап, жырласады,
Киялдары қыран бол қырды асады.
Ренішпен ірітпей реңдерін,
Күнделіктер жазысып,
Сырласады...

9.

Қырсық бол тағы шалды-ау батылдығың!
Айтады мұғалім деп атыңды кім?
Диплом болмайды екен үшқыр ойың,
Диплом болмайды екен ақындығың!

Әйтпесе бұл өңірде кітап қоймай,
Білімнің тұңғиығын сапырды кім?!
Окушыға бұзауын бақтыратын
Директорды тәртіпке шақырды кім?
Бақташыдан айрылған сол көк бұзау
Бұқа бол сүзгелі түр ақыр бүгін...
Қырсық бол тағы шалды-ау батылдығың!

Оқытқан сабағының нарқы қалды,
Педсоветте қоштаусыз жалқы қалды.
Он бес жыл сырттай оқып қағаз алған
Биолог орыс тілін тартып алды...

10.

Бюрократ!
Сен қашан тыным көрдің?!
Әділетке,
Әлсізге қырын келдің.
Хая Агадай кездейсок, зансыз туып,
Дүниеге құдайдан бұрын келдің!

Халық үшін сен жүдеп, арымайсың,
Қоғам үшін қайғырып, налымайсың.
Өзгелерден өзінді биік үстап,
Құдайды да, занды да танымайсың!

Танымайсың!
Дегенмен жаттап алдың,
Өзіце өлшеп өзгертіп, шактап алдың...
Заң — Бәйтерек!
Сындырып бұтақтарын,
Баспалдақ қып өрмелеп «Такқа» бардың.

Бірақ соған үялып тершідің бе?!

Көз үйреніп кетеді ерсі мінге.

Адамдардың тағдыры,
Мемлекет,
Мекеме —
Сенің жеке меншігінде!..

Карақан басың үшін қам қыласың,
Сөз бол па — бала өксіп, шал жыласын!..
Мемлекет қаржысын қаңғыртып кеп,
Өзіңе арнап сарай салдырасың.

Жазылғандай туа сап пешенене,
Тайрандайсың талтаңдал есе бермей.
Мәскеуге барып жұрсін,
Көрдің бе сен,
Лениннің пәтері неше бөлме?!

Ақын отыр күйініп өткендерге,
Кораш тамды пана қып өктем желге.
Ал сенің жалғыз балаң асыр салып,
Дол қуып жұр осынау көп бөлмеде.

...Бюрократ —
Сал бөксе, масыл жандар,
Кесірленіп, менменсіп, тасынғандар.
Айдаңар бол зәре-құт қашырғандар,
Тұлқі болып қулығын асырғандар.

Жылмаң сөйлеп, құшағын аша алады,
Ашуыңды бір сәтке баса алады.
Жүргінді жібітіп елжірейді,
Қажет болса көзіне жас алады.
Құрулы қақпанына тасадағы
Бұл оның маскировка жасағаны.

Бюрократ бар жерде мың қауіп бар.
Жармаса, жарылмайтын сыйдауықтар,

Жұлмаса, жұтқа бастар арам шөптер,
Коғамды шырмап өскен шырмауықтар.

Дыбыссыз атылатын сиқыр оқтар,
Ұялып, арлануға құлқы жоқтар,
Жан таппай арам тиын санайтындар,
Өнегесі жүқпалы микробтар.

...Соның бірі ақынға тап келген-ді,
Кегінің орайы кеп көтен бергі.
Сыныққа сұлтау таппай жүруші еді,
Шаужайдан ала түсіп шап берген-ді...

11.

Дауласатын қатырма қағазы жоқ,
Жауласатын сүйеніш — сабазы жоқ.
Арыз айтып кіміне шағынады,
Кінәлайды тек өзін... жазалы бол!

Көше кезіп кетуге арланады,
Тек ойлары тентіреп сар даланы.
Емдеуге сырқыраған жан жараны,
Қайта-қайта қаламын қарманады.

12.

Шықпай жатыр...
Шықпайды-ау жыр асылы,
Бұлқынады ішінде бұла сыры.
Ақын жанын ұғынар бір адам бар,
Ол өзінің мияты — Лашыны!

— Дүшпаныңың табасын тыңдай берме,
Көңіл күсін көпсітіп тырнай берме.
Калаға бар!

Жалғастыр оқуыңды,
Серпілші бір, сезімге сырнай бер де!

Анаң, Әжең — аманат мына маған,
Бейнетті қи,
Әдейі сұрап алам!
Біздің үйге тапшылық таң емес қой,
Жар бола ма төрт жылға шыдамаған?!

Шалдықсам, — арманыммен тынығармын,
Жаурасам, — үмітіммен жылынармын.
Қалаға бар, ой қажап опырылмай,
Мен үқпасам, жаныңды ұғынар кім?!

13.

Ақын көңілі шалқардай шалқып кетті,
Жұпар самал алдынан аңқып кетті.
Бесіктең Майгүлін бір иіскел ап,
Қайдасын, — деп, — Алматы?
Тартып кетті...

Тартып кетті ақынның жаны шалқып,
Атқандай қарсы алдынан таңы балқып.
Алматы алатындай бағын ашып,
Аттанды Алматының... дәмі тартып...

ЖЕТИНШІ ТАРАУ

АЛМАТЫДА АУА РАЙЫ ТАМАША

1.

...Жас жігіт Көк базарда ұн сатып тұр.

Ұн емес-ау, әуезді ұн сатып тұр:

— Ұн алыңдар, ағайын, ұн алыңдар!

Ұн емес-ау мұнарлы мұң сатып тұр...

— Ұн алыңдар, Нарынқол ақ бидайы...

Нан пісірсен, көмбеге қақ түрмайды.

Қандай адам ақ нанды жақтырмайды,

Мұндай ұн оңайлықпен таптырмайды!

Ұні неткен тап-таза мөлдір еді.

Базар шуын нөсердей сөндіреді!

Үрық бермей ынтанды көндіреді,

Өзіне де, ұнға да төндіреді.

— Ұнымды ал! — деп жас жігіт жар салады.

Дауласпады қанша алды, қаншага алды?

Ұні бітіп қарлықсан ташкенттік шал:

«Шіркін-ай, жалдасам!» — деп тамсанады.

Әп-сэтте жалап-жұқтап қойғандай қып,

Лезде бес дағар ұн болған ғайып.

Жас жігіттің сұқтанып дауысына,

Күтіп тұрды Энуарбек Байжанбаев!..

2.

Жас жігіт Нарынқолдың ұнын сатқан,

Әктем дауыс басқадан бұрын сатқан.

Ол ұн сатып тұрғанда

Мына жакта

Дикторлар конкурсы жүріп жатқан.

Ойланған жоқ: ат басын бұра берді,
Албырт сезім ойланып тұра ма енді.
Конкурсқа барды да қойып кетті,
Қойып кетті...
Диктор боп шыға келді!

Несін еске алайын көшкен жерді?!
Тағдырдың бір түйінін шешкен жерді?!
Рақмет, Лашын!
Бес дағар ұн
Жұмысқа киіп барап костюм болды...

Студенттің киімі жалаң еді,
Соған бола Лашын алаң еді.
...Оқып жүрген шет тілі — неміс тілі
Былдырлаған күйінше қала берді.

Диктор болды...
Тәп-тәуір табыс келді.
Өнерлі де өрісті ағысқа ерді.
Түсінде жоқ кәсіпті тез менгерді,
Әнуарбек ағасы дәріс берді...

3.

Көк базар...
Көне базар...
Сайтан базар...
Таразылап бағынды байқар базар.
Кесіп-пішіп бағанды айтар базар,
Мөп-мөлдір тұнығынды шайқар базар.

Көк базар көздің нұрын жаулап алды,
Көк базар көңілдерді баурап алды.
Қайсыбіреу алданып, дауға қалды,
Қайсыбіреу ақшага аунап алды.

Көк базар ашыққанды тойындырып,
Көк базар жылытады жаурағанды.
Койши, әйтеуір... арамдық, адалдықтар
Осынау көк базарда саудаланды.

Кейбіреу сойып әкеп мал сатады,
Сатылады, алып кел болса тағы.
Кейбіреулер сатады маңдай терін,
Кейбіреулер үрлап кеп... ар сатады...

Көк базардан көресің жылағанды,
Көресің арақ ішіп құлағанды,
Көк базардан табасың несібенде
Көк базардан аласың сыбағанды...

4.

Баяғы үн сататын күні қалды,
Жас жігіт базар сырын ұғынады.
Пәтері дәл түбінде тұрса-дағы,
Көк базарға жолшыбай жуымады.

«...Қайырлы таң, жолдастар!
Қайырлы таң!
Кең-байтақ өлкемізге жайылды таң.
Ояныңдар, әлеумет, ояныңдар!
Таң атты,
Тіршілікке жағылды шам...

Ерте тұрган еркектің ырысы артық,
Ерте тұрган әйелдің бір ісі артық.
Уақыттар өлшеулі, ұмтылыңдар
Өне бойды өмірдің нұры шарпып...

Алтын күннің сәулесін қарсы алайық,
Ояндық деп әлемге жар салайық,

Ояныңдар!
Оянсын барша халық!
Бойкүйездік дегенді ар санайық.

Қалғымандар!
Оянып, жол басайық!
Алда күткен арманға жалғасайық!
Тұлпар өмір тұрмайды қантарылып,
Жұртта қалмай, жалына жармасайық!..»

5.

...Дабырламай, дамылдап дала жатыр.
Тұн көрпесін бүркеніп қала жатыр.
Жас жігіт үйқыдағы тіршілікті
Оятуға асығып бара жатыр.

Нұр құшқанда Алатау шоқылары,
Микрофон алдында отырады.
«Тындаңыздар, жолдастар, тындаңыздар!
Эфирде соңғы хабар оқылады...

Жаңалықтар!
Ең соңғы жаңалықтар!
Тындаңдар, далалықтар, қалалықтар.
Мынау тыныс-тірлікке ой жіберіп,
Өнегеден, ерліктен нәр алып қал...»

Соңғы хабар тарайды таңды атыра,
Кызыл құмды жел борап шаңдатуда.
Костанай, Ақмолада жауын-шашын,
Ауа райы тамаша Алматыда!

Тамаша Алматыда ауа райы,
Апай төс Алатаудың бауырайы...
Осынау көз сүрінген көркіне сай,
Думанды қызығы да бар ұдайы.

Бар оның көңілге нұр құятыны,
Бар оның қеудеге сыр жиятыны.

Шежіре шертіп тұрған музейі бар,
Бар оның талант толы театры!

Табылды ойга нәр, жаңға шырын,
Іздене бер, тек қана алма тыным!
Күндері дауыл болсын, жауын болсын,
Ауа райы тамаша Алматының!..

6.

...Көк базар!
Көк базар тұр тосып алда,
Осы арада қасы бар, досы бар да.
Осы араға келесің амалсыздан,
Бақытыңнан адасып, қосыларда...

Құлағында базардың шуы қалар,
Танауыңа мантының буы барап.
Сыра сатқан жын ойнақ көк будкалар...
Ұрынғанның бойында уы қалар.

Талайлар көк будканы танып алған,
Бүгін барса, ертесі тағы барған.
Тұмсығын ақ көбікке тығып қойып,
Қалтасын тып-типыл қып қағып алған.

Көк базар...
Көк будкалар тосып алда,
Неге келді ол мұнда?
Досы бар ма?..
...Сыралатып қайтуға келген жоқ-ты,
Жазушылар одағы осы манда...

7.

...Ол жүрген жоқ сырға алаң болып,
Желкесіне мінген жоқ жалаң желік.

Жас ақындар жинағын құрастырған,
Сонда отыр ақын Қасым Аманжолов!

Қасым ақын!
Таланттың дара шыны.
Қасым ақын — таланттың жаңашыры.
Өлең ортін үрлеуге дайын еді
Бойындағы бар қайрат, бар асылы.

Шіркін-ай, келте болды-ау танысқаны,
Бір көрмеде қос дүлдүл табыспады.
Дүркіретіп өлең-жыр жазирасын,
Бір сөреде қос тұлпар жарыспады.
Бөгеттерді копарған толқындардың
Кейін... кейін қосылды ағыстары...

Бір-біріне сырларын ағытпады,
Өр ақын жас талантты танып қалды.
Нұрлы көзін бір қадап, жымиды да,
Өлеңдерін аялап алып қалды...

Соның өзі-ақ көңілді кестеледі,
Самал үміт алдынан ескен еді.
Жыр жинақтың қондырып пүшпағына,
Қасым ақын тұсауын кескен еді.

8.

Кесілменті!
Жок, әлі кесілменті.
Көсем көңіл кең сілтеп кесілменті.
Қаламы қантарулы... шиыр түйін
Сәлғана босаганмен, шешілменті.

Алғашқы жыр жалын боп тарамады,
Бәлкім, тек оқырмандар бағалады.

Үкім айтар сын жазғыш агалары
Жазбақ түгіл, пысқырып қарамады.

Алғашқы жыр ешкімге елеңбеді,
Алғашқы үміт ақысы төленбеді.
Көнілінің тасқыны төмендеді,
Бәсірен,— деп күдікті көгендеді.

Алғашқы жыр сезімін сұytты енді,
Талап емес, кәцілге күдік берді.
Алғаш қаламақы...
Қек базарда
Агаш аяқ орысқа жуып берді...

9.

Өлеңнің тарау-тарау өрісі бар,
Таңдағаның сенікі — бөлісіп ал!
Көнілдің ала бөтен құйыны бар,
Ол, сірә, ақындықтың желі шығар.

Ақындық жүргізбейді-ау бір ізбенең,
Өмірі өне бойдан жыр үзбеген.
Өзіне ұнасымды үн іздеген,
Ақындар — көбелектер гүл іздеген.

Ақындыққа кім төзіп көндігеді,
Көнілінде көшкін ағып, сел жүреді...
Тоң қабак, сұық жанар, ызғарлы сөз
Ақындықтың жалының сөндіреді.

Бықсыған өсектерге тұншығады,
Кеудесіне лайсан сыр тұнады.
Жылы сөзге түлейді, құлпырады,
Шыңыраудан шымырлал жыр шығады.

Ақын қөңілі әрқашан нұр сұрайды,
Өлең — қарыз: өтелмей тыншымайды.
Көш бастаса, қөңілі көкке самғап,
Жүртта қалса, күшіктей қыңсылайды.

Ақынның бар байлығы — армандары,
Армандары — мият қыл қармағаны.
Арманменен шайылар қайғы-мұны,
Жойылады көңілде қалған-дағы.

...Бір үміті ақынның тұншықты әні,
Сондықтан да кеудеден жыр шықпады.
Бір жағынан абалап алаңдатты
Тұрмыстың қанден иттей қырсықтары.

10.

«Мына тұрмыс қайткенде тұлейді енді?» —
Әзін-өзі кінәлап, міней берді.
Тұлқі құрсақ үй іші еске түссе,
Қөңілі жүдей берді, жүдей берді...
Кіліккені — тұрмыстың шырғалаңы,
Тікендері ойларын тырналады.
Жалғыз жүріп жан күйттеп саяқтамай,
Анасымен, жарымен бір болады.

Бірге тұрса — шаттығы шашырамас,
Қынынан бір суырылар асыл алмас.
Ой-қиял күте тұрсын,
Семьяды
Құр арман ақша болып асырамас...

Әзірше тежеу қажет шалқар ойды,
Шалқар ойды, қиырсыз байтақ ойды.
Ақын көңілі — жыл құсы,
Шарықтап кеп,
Карасазға қайрылып кайта қонды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Карасазда басталған жыр









СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА ШУАҚ КҮН

1.

...Па, шіркін, Қарасаздың таңы қандай,
Самалы аймалайды жаны қалмай.
Мандайы жарқырайды Елшенбүйрек,
Мандайының қызыл шокқа қарығандай.

Шашырап тау белінен нұр асады,
Жасанған табигаттың бұла шагы.
Тұп-тұнық Қарасудың иірімі
Сыбырлап әлдекандай сыр ашады.

Желпіген желбіретіп ну самалы,
Жалаңаш жапырақтар бусанады.
Жанаарлар әсемдіктен тоят тауып,
Құлактар құйқылжыған үн шалады.

...Па, шіркін, Қарасаздың талма-түсі,
Тал түстө тасқындайды ариалы ісі.
Осынау тіршіліктен жырақ қалып,
Манаурап үйде жатқан бар ма кісі?!

Жан бар ма еңбекке қол ұсынбаған,
Кеудеден намыс құсын ұшырмаған?!
Осынау шабындықтың шалқарында
Тынбайды шалғы даусы ысылдаған.

Серпіліс!
Сел бұзылып ағындайды,
Мына жүрт қашан ғана дамылдайды.
Ынтасын ырыс күткен бұл ортада
Бос белбеу, бойкүйездік табылмайды.

...Па, шіркін, Қарасаздың іңірін-ай,
Көз ашып жұлдыздардың тірілуі-ай!
Айрандай ақ шуағы ақтарылды,
Айқайтас шоқысына сүрініп Ай...

Арнадан аңқып самал анырады,
Самалда саумал иісі бар ұдайы.
Қарасаз боз көрпесін қымтанады,
Шам жакқан терезелер жамырады.

Па, шіркін, Қарасаздың түні қандай,
Түнінде бүгіп жатқан сыры бардай.
Дан-дұны тіршіліктің абыр-дабыр,
Мақпал түн құшағына тығылардай...

Жым-жырт,
Үнсіз төнеді түн төбеден,
Кім қалды түн көрпесін бүркемеген?
Ауылдың бірте-бірте шамы сөнді,
Иттердің жағы талды діңкелеген...

Тым-тырыс түн көрпесін жайған даала,
Қарасаз, тыныш үйқта, қайғы ойлама.
...Бейнеттен бел босатып, мызғыл кетті,
Қарасаз үйқтап жатыр...
...Айқайлама!..

2.

Жым-жырт.

Үнсіз тәнеді түн төбеден.

Тек ақын түн көрлесін бүркемеген.

Ойы да, қаламы да тентірейді...

Үстатлады шу асау, үркек өлең!.

Жым-жырт,

Үнсіз ауылдың шамы сөнген,

Өзенде бақаның да жағы семген.

Тек ақынның шырағы жылтырайды,

Тек ақынның бойына ағыс енген.

Өлең...

Өлең — өшнеген арманы ғой,

Арман өлсе, ақынның намысы өлген.

Кей кездерде қиял шаршап, еңістеген,

Кей кезде шалыс кетіп, келіспеген.

Осының барлығына сен кінәлі,

Сен кінәлі,

Пері өлең!

Періште өлең!..

3.

Өлең оған жол бастап бұрын жүрді,

Аңқылдаған ақ пейіл сырын білді.

Жоламайтын тойларға жолықтырып,

Ұрынбайтын жерлерге ұрындырыды.

Ілінбейтін қармаққа қызықтырып,

Сүрінбейтін тоғанға суріндірді.

Татымы жоқ сусынмен шөлін басып,

Қауқары жоқ соулемен жылдындырыды.

„Есесіне өмірді ұғындырыды...“

4.

Ақын адам ағыстан шет қалмайды,
Ағыспенен күндерге кетті алдағы.
Талай-талай сорылды жар қабаққа,
Кеудесінде алайда кек қалмады.
Үрізғы — рақатты іздемеді,
Залалды зардантардан сактаңбады.
Абайсыз алда-жалда қателессе,
Кешірім сұрағанмен, акталмады.
Бейтарап, бақылаушы еместүғын,
Жалауын жаңып тұрган отқа ариады.

5.

Отқа арнады,..
Өрт еді-ау өшіккенге,
Қараулықты қарсы алған тосып қеуде,
Қаны бүрк-сарқ қайнайды тамырында,
Қайсыбір қияннан есіткенде,
...Жалғызы майданда өліп,
Жалғыз қалған
Кемпірдің пенсиясы кешіккенде,
Ар жағында аждаһа отырса да,
Басып кірді не мықты есіктерге!..

Осынау ойып түсер міnezі үшін
Қарылды небір дәмді несіптен де...

Жәберленіп, тапаған таянышты
Жетімдерге жалма-жан ара түсті.
Кеудемсок, озбырлардан қаймықнады,
Шап беріп жағасынан ала түсті.

Жол бастады ерлікке, ертеңдерге,
Кол бастады су тасып, сол төнгенде.
Костюмін шешіп алып, от сабады
Карасаздың шілтігі өртөнгенде.

Тал үшін де, ел үшін жаңы құрбан,
Корғайды жәбір-жапа, қамығудан.
Ол аулак шалдығудан, жалығудан,
Тал үшін де, ел үшін жаңы құрбан.

Кол қусырып үйінде отырмалты,
Кеуделерде арманның отын жақты.
Аманаты — ақындық!
Ол — халқының
Мерзімсіз сайланған депутаты.

6.

Ақын!
Ақын өлеңін алға ұстады,
Өлеңімен өткірлеп арды ұштады.
Өлеңменен айтылар алғыстары,
Өлең болып жазылар қарғыстары.

Өлең!
Өлең — Тағдырга өтініші,
Азасы да назасы, өкініші.
Өлеңімен өзіне де осып жатыр
Тікен болып қадалған тетір ісі,
Өлең — оның қаруы жауға шабар,
Өлең — оның қамалы, бекінісі.

7.

Өлеңменен күн кешіп, түн өткізді,
Түн өткізді, журналға жыр өткізді.
«Біздің жақтың іцірі»,—
Бір топ өлең
Жыр түсінген жүректі дір еткізді.

Қаумалады шабыты, ауып қонды.
Жазушы еді қайғы-мұң, «қауіпті ойды».

Замананың аңсарын байқады да,
Жазып, жазып...
Жасырып, жауып койды.

Өлеңменен қарсы алып таң атуын,
Өлеңменен жалын бол жанатұғын.
Сол бір кездे-ак сезетін жырларының.
Ұран болып үрпакқа қалатынын.

Өлеңменен көңілін желийнірді,
Сезімдерін өлеңмен серпілдірді.
Алайда ондай ақын бар екенін
Тек қана Лашын мен Еркін білді...

8.

Болмаса да ныктас, күрдас ақын,
Өзімсініп Еркінмен сырласатын.
Студент інісімен қауышқанды,
Әзілі де жарасып, жымдасатын.

Осы менің жанымды үгады-ау деп,
Өлеңін оқып беріп, мүндасатын...
Екеуі ақ арманға мінгесін ал,
Ақ кар шеккен айбарлы шынды асатын.

Әр кездесу қеудеде шоқ қалдырыды,
Оятты мұлгін, қалғып жатқан жырды.
«Қауіпті, — деп, — желбуаз желкен шабыт!»
Жекіл-желлі тірлікten сақтаандырыды.

Әрбір сөзі інісін мактандырыды,
Үміт күтіп ағасы жакқан жырды.
Уақыттың еншісі, сол көрсетер —
Аға үмітін ол қалай ақтап жүрді!

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ҚАРАСАЗДА ҚАМ ҚӨҢІЛ

1.

Биіктеп жақсылармен нұрлы аспаны,
Солармен белден өтіп, шынды асканы,
Бар еді Қарасазда қатар өскен
Ақының қимастары, құрдастары.

Қакталған қара боран өтіндегі
Заманның садағасы секілді еді.
Балалықтың базарын білмей бекем,
Ұлы Отан соғысының жетімдері.

Бейнетпенен жонылған жон арқасы,
Бейнетпенен алынған жол ортасы.
Әткеидері — жетімдік асулары,
Кешкендері — жоқшылық қоламтасы.

Ақын жанын ұғатын жан құрдастар,
Жан құрдастар — тел қозы, тағдырластар!..
Бесігінде ер жеткен балғын жастар,
Қолқа салса көнілді қалдырмастар.

Құрдастар!
Шаттықтың шалқарына бастайтындар,
Басыңды бұлт шалғанда қашпайтындар,
Күлкілер коржын тамга жиналышты,
Коржын тамды кетерін тастайтындей.

Ақының құрдастары көшелі еді,
Әрқайсысы өзінне көсем еді.
Көсем еді, шетінен шешен еді,
Шер шекненін сынырып шешер еді.

Кез келгені серкедей қол бастаған,
Бастауышызыз ешқашан оңбас қадам.

Құрдастары — қамқоршы ақынына,
Солар сенің қорғаның,
Сол басианаң!

Жолдастарың жолыңды нұсқағандар,
Жалауынды биікке үстегандар.
Жолдастары ақынға үй салады, —
Шеттерінен балташы үста жандар.

2.

Құрдастардың бұл берік кесімі еді,
Көсегенді көгертіп өсіреді.
Тағдыр салған шідерің шешіледі,
Қылғындырган қырсығың кесіледі.

Ақ соуле-нұр алдыңа шашылады.
Ақ тілеу жол алдыңа ашылады.
Киындықтар, кірпияз көкбет Тағдыр
Алдыңа кеп бағынып бас ұрады...

...Мәңгі көктеп гүл көңіл жайқалады,
Бұл ақынның үйі деп айтады әлі.
Бақытты шаңырактың саясында
Бақытты балапандар шайқалады.
Құрдастардың қарызын,
Тірі болса,
Жырдан шекпен кигізіп кайтарады.

3.

Ұшқындаған жанардан от өрілді,
От өрілді — енбектер өтелінді.
Бір-ак күнде қылышп ірге тасы,
Бір аптада кереге көтерілді.

Тері шығып сірескен көптен бергі
Қарасаздың палуан Токбергені.
Белагашты бел бүкпей көтергенде,
Оған ешкім серік боп дөп келмеді.

Мытыл қалса сүйегің бор болады,
Басыңа кеп бақас күн орнағаны.
Тоқбергеннен қалыспай, ілесем деп,
Самай тері Сыдықтың сорғалады.

Биік екен жігердің өлшемдері,
Шаршадым деп ешкім де тенселмеді.
Келді-дағы қарқынға қарқын қосты
Нұртай шалдың ақ қөңіл Бейсенбегі.

Ұшып жатыр қарагай жанқалары,
Жігіттердің бусанған арқалары.
Милиция мундирін шешіп тастап,
Бибатыр да қолына балта алады.

Мағыналы, маңызды сөздер шалқып,
Әзіл төккен тілдерден бал тамады.
Олармен келіншектері үндеседі,
Сыңғырлап күміс күлкі — алқалары.

4.

Кім күткен мұндай сойқан тұтқылды,
Құлқілер кілт тыйылды, кілт тыйылды.
— Қеке! — деген баланың жан даусына
Жалт бұрылып, жалма-жан жұрт жылды.

Жақында ма!
Мән-жайды алыстан ұк!
Жан түршігер суретке барыспалық!..
...Қекпенбек боп Тоқтарбай талып жатыр,
Қарагайға білегі жанышталып.

5.

Тоқтарбай
таянышы, ырысы еді,
Ырысы еді — дем берген тынысы еді:

Бел катаиса бейнетін алар деген,
Тегі тендес тетелес інісі еді.

Ақының ақ арманын жаныштаған
Бұл да болса тағдырлың бір ісі еді.
Адыра қалған мына үйге кім кіреді,
Тойға арналған тамакты кім ішеді?..

Күйік жалын көңілді жалап кетті,
Ойды өлтіріп, бөлтірік талап кетті.
...Мұқағали мұраты —
Тағы бір той
Басталмай-ақ осылай тараң кетті...

ОНЫНШЫ ТАРАУ

ҰСТАЗ КЕРЕК ҮРПАҚҚА

1.

Алтын күз.
Қарасаздың атырабы.
Алтын көрне жамылып жатыр әні.
Алтын күн алтын белден көз салғанда
Қоныраудың сылдыры шақырады.

Кілегей мұз бұлактың қабағында,
Құба тал жанырактан жана арылған.
Есінеме, срте түр төсегінен,
Тез адымда, кешікіе сабагынан!

Кешігіп уақытты қаза қылма,
Аяғынды жылдам бас, тез адымда.
Дегбірсіз сені күтіп тұргандар бар
Білімнің осынау бір базарында.

2.

Әзірше саябырлап жырағына,
Арманның тереңіне тұнады үні.
Білімнің тереңіне бойлап кеткен
Қарасаз мектебінің мұғалімі.

Ойлары сол тереңге тоғытады,
Содан соң жыр шідерін ағытады.
Әзірше қарасаңдық шәкірттерге
Пушкин атты бабасын танытады.

Достықпенен ұласын таныстыры,
Шекспирмен, Шиллермен тоғысты үні.
Шаруа ақыны Бернспен сырласады,
Тандап алған тілмашы —
Орыс тілі!..

Ұлы адамдар, ұлы ойлар қамалайды,
Сыр ашады, қуаныш, нала-кайғы.
Есенинмен, Дантемен қолтықтасын,
Ой зынданы — «Тамұқты» жагалайды.

3.

Қарасаңда Қарасу байсалды акқан,
Жағасында тіршілік ой толғатқан.
Жағасында мектебі — күркө тауық
Өмір-бақи балапан шайқап жатқан.

Сабакта отыр сары ауыз шөжелері,
Көнілдері бал қаймак көзедегі.
Бота тірсек болса да, болжамназ жас
Үйин тыңдалап үстаздан сөз етеді.

Мұғалімнің беделі құлдырайды,
Құлак таппай мұлт кетсе кезегені.

Пәтуасыз, безбүрек тогышардан
Шәкірттер де тұніліп, бозер еді.

Мұғалім!
Орны бөлек тұлғалы жан,
Сымбатына сырнайлы сыр дарыған.
Өмірге ізгіліктің ізін салып,
Дән сапырған білімнің қырманынан.

Мұғалім!
Кызметі бөтен елден
Өмірдің өткеліне төтелеген.
Қылаңдаған қиялға қанат беріп,
Тәй-тәй басқан арманды жетелеген.

Мұғалім ел даусына қосады үнін,
Көрсетер жарқыратып таса күнін.
Кара қылды қақ жарған төренисі,
Камкоршысы, корғана осы ауылдың.

Тасқындаи тамырларда жыр ағыны,
Күмбірлең құлактарда тұрады үні.
Арнаулы дипломы болмағанмен,
Ақын да — өз халқының мұғалімі!.

4.

Қанатты сез қайратка жел береді,
Ден айтылса — ынтаның өрлесең.
Ақын бүгін қырқымта келу үшін
Уақытын әдейі белгеп еті.

Ақының бұл өр мінез тасқын жасы,
Сол мінезге үйрениген дос-сырласы.
Күнде келіп «Найзагай» шығарады,
Солайтұғын қоғамдық тапсырмасы.

Келеді де газетке «жан салады»,
Жүрттың-дагы осы еді аңсаганы.
Жалқауларды куырып шыжырады,
Озаттарды дәрітеп жар салады.
Тәлейім жұрт таласып оқиды да,
Дәмді сөзге дең қойып тамсанады.

...Бұғін бірақ... қабактар қатулы екен,
Сызға оранған сәлемдер сатулы екен.
Кеше ғана жайдары тату мекен
Бұғін неге лайын сапырды екен?

Келіншектер неліктен қынжылады?
...Жас теріні жидітіп жүн жұлады.
Шопан ата жанары ызғар шашып,
Қой ұстаған балалар тұнжырады.

Аспаздарга қараши барғын-дагы,
Қантарулы, жалынсыз тандырлары,
Орта қазан басы да ойран-топыр,
Үйдис-аяқ бейкүнә салдырлады.

Мұң екен сәлем беріп таянғаны,
Шопан ата мән-жайды баяндады.
Қыстай күткен үміті зая кетіп,
Күм болғанын жасырып коя алмады.
Шоған айтты:
— Мынаған кара! — деді, —
Өлгөн малды жаңылмай сана, — деді, —
Тік тұрғанын тірі дең есептемс,
Тұла бойы тұтасқан жара! — деді.
Мұны істеген кеудемсөқ белсенділер.
Бірге келген солармен арақ еді.
Өздерінше «сенбілік» жасамақ бол,
Көмектесіп қайтуды қалап еді.
...Мұны естіген ақынды ыза кернеп,
Сол сәтте-ақ өні өзгеріп сала берді...

— Тәйт! — демесе тәріптің қашаганы
Талай-талай тексіздік жасар әлі.
Ел ырысын еліріп басқа тенкен
Есерлерден қайтсе де өш алады.

Көнілдер бір шаң-тозаң көтерілді,
Бастарына тәндіріп тәте күнді.
Сол мезетте қабырға газетінде
Өлең болып фельетон от өрілді.

5.

«Жазды күн шілде болғанда,
Көк орай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп, толғанда
«Сенбілік» жасап тыртындал,
Мәз-мейрам бол жырқылдал,
Белсенділер бас қосып,
Қырықтыққа қонғанда
Дөнен қойдың сүбесі
Қазанда жатты былқылдал.
Тойғызам деп бәрінді,
Жасың менен кәрінді,
Екі иықтан дем алыш,
Самаурын тұр ыңқылдал...
Бақылайды койшылар
Анадайдан тың тындал...
Көрейін деп келді олар
Жақсы менен жайсанды.
Есеп шот какқан саусактар
Маңғазданып байсалды,
Енлі, міне, қайшы алды...
...Басбух алды қайшыны,
Бәтіңкесі сықырлап,
Мандайдан тері шыпылдал,
Кай жерін кесіп алдым деп,
Жалтаңдайды көмекші

Өз-өзінен қыпымдаш.
Агаларға жағам деп,
Қайтсем бабын табам,— деп.
Есепші жүр жынылдаш,
Пысықсынып сыпылдаш,
Тері шығып мандайдан,
Шаңы шығып тандайдан,
Бригадир бір жақта
Бастықсынып тықылдаш,
Шақшақайдай шықылдаш.
...Қабырғаны, субені
Тіреп жатыр қайшылар.
Тірі койды тілгілеп,
Іреп жатыр қайшылар,
Белсендінің меселін
Қайтармайды қайшылар.
Өлтірді екен пешеуін? —
Жалтақтайды койшылар...
...Самайларды айғыздаш,
Сорғалайды кермек тер.
Тына қалып ұмтылыс,
Ұшып жатыр шөлмектер,
Кара қын кораның
Құшып жатыр шөлмектер

Осылайша күш алыш,
Тіл күрмеліп, тұсалып...
Оны кім бар байқаған
Жаңағы қызу қыргынға
Кіріспін кетті қайтадан...
...Бір жағынан масығып,
Бір жағынан ашығып,
Бір жағынан асығып,
Жонын алыш құйрықтан,
Пісіріп жатыр шашылық...
«Сенбілік» жасап келдің де,

Кыркымды қанға бәктердің.
Колхозға қаша сеп қылдың,
Қаша зиян шектірдің? —
Білейін деп кеп тұрмын.
Есепке жүйрік сендер ғой,
Шотқа сал да сыйырлат!
...Осыны жазған көк тоқты
Әлгелі жатыр тыпырлап...»

6.

Уытты жыр кәдеге жарап кетті
Ешкім оны деген жоқ ағат кетті,
Кәрі-жастың қонақтап көкейіне,
Ертесінде-ақ аймаққа тарап кетті.

Кыран болып өлкеде жыр самғайды,
Самғаудан, жатталудан бір танбайды.
Кешегі кесір көніл белсенділер,
Ішінен кіжінгеймен... ырсаңдайды.
Қалжыңға айналдырып, мәз болғансып,
Қырауын жібітеді жаз болғансып.
Кейбірі жиын тоңтан аулактайды,
Өне бойын өртеген сөзден қашып...

7.

Тұлкі бұлтаң түбінде құтылмады,
Колға түскен қояидай тыпырлады.
Аға газет өлеңді қайта басып,
Құян болып жармасты құтырганы.

Көгертін өлең-жырдың көсегесін,
Аға газет өз төрін төсегесін,
Қырағы редактор Мейірбеков
Аупарткомда қаратты мәселесін.

Халық та оны коштады, сауап көрді,
Тасырлық, тағылықты талант женді.
Сенбілікті серілік деп жүргендер,
Ар алдында селкілден жауап берді.
Өзімшілдік осылай жүгенделді,
Өз міндетін олжалап жыр өңгерді.
Карт шопан жас ақынға бата берді,
Орталанған отары түгенделді.

8.

Ақын ба елдің мұнын жоқтамаған,
Ақын ба әділдікке токтамаған,
Ақын ба қиянатты, караулықты
Өлеңмен үкім айтып соттамаған?!

Жалтаңдал жан-жағына көп қараған?!

Ақын ба кіржіндеген қабактарды
Асыранды тазыдай бакқан адам?!

Ақыным деп атаған ел-жұрттының
Сенімін серт қып ұстап сақтамаған?!

Егер де дәл осынау жолдан тайсан,
Біржола тый жазуды!
Токта, Қалам!

9.

Тағдыр тағы шайқалып, сапырылды.
Алғыр ой, айқын дауыс, батыл үнді.
Аудандық газет қажет етіп еді,
Мұқағали ариайы шакырылды...

ОҢ БІРІНШІ ТАРАУ

НАРЫНКОЛДА ЛЕНИН

1.

Журналист жаққан оттан иүр қоздайды,
Замана тынысына сыр қозгайды.

Журналистер — шетінен ақын жандар,
Айырмасы тек қана — жыр жазбайды...

Журналистер!

Керемет көпбіс жандар,
Шырғалаңға килігіп, тер қыскандар.

Сонылап өріс шалып,
Өрге ұшқандар!

Жаңалыққа жерік бол шөл қыскандар...

Тыным таптай журналист сабылады,

Небір жұмбақ сырларға қаныгады.

Болат қалам сұнгі бол бойлағанда,

Қараудың қаганагы жарылады.

Калтырайды пәрекор, жалақорлар,

Жазықсыздар жаладан арылады.

Топас лиғыл, тоңмойын тоғышарлар

Мұлт кетпес пысанага алынады...

Бұл пәнидің өкініш, назы-дагы,

Журналистпен сырласмы, саз ұгады.

Шежіре бол бар тірлік тізіледі,

Бар құбылыс қапысыз жазылады,

Адалдықпен мерейі үстем болып,

Құбыжықтың акымы қазылады.

Өмірден зар жұта ма, бал тата ма,—

Әділдіктен келген ол қолхат ала!

Сондықтан Ұлы Қөсем өз кәсібін

Журналист деп көрсетті анкетаға...

2.

Көсемді білу керек
Білу керек!
Тынысына құлакты түру керек!
Қалдырган қазынасы — өз еншің ғой
Жатырқамай
Жасқанбай
Кіру керек!..
Идеясы тазарап тұнығың ғой
Тұнығына тартынбай сіңу керек.

3.

Осы-ақ шығар дос деген, жақын деген,
Көсем бүгін бірге жүр ақынменен.
Кеменгер ақсақалдан ақыл сұра,
Шынымен жазам десен ақылды өлең...
Ақылды өлең —
Тұздығы татымды өлең...

Көз алдымда кітаптар — естеліктер,
Міндепті де парызы кешке жүктөр.
Көсем жайлыш жазады көсем жандар,
Шуберекке жан түйген дос, серіктер.

Естеліктер — дәуірдің шындықтары,
Қан төгіскен қактығыс сұмдықтары.
Ойлардың, пікірлердің қайшылығы,
Шым-шытырық күрестер құрылыштағы.

Естеліктер — ақиқат актың ісі,
Оқығанда — сайрандар бақтың іші.
Естеліктер — ойлардың біргігі,
Пікірлердің бітіспес қактығысы.

Естеліктер — достардың табысы,
Ел тағдыры...
Мұң жұтып, зар ішуі.
Естеліктер — шыңғырған жан дауысы,
Жан дауысы —
Ар үні,
Намыс үні!..

4.

Ақынның іргесіне бақ тіреліп,
Бақ тіреліп, кеудеге шаттық еніп,
Көп іздеткен Қөсемің нұр бейнесін
Пешкова пәтерінен танты келіп.

Ұлы Қөсем бейнесін шыңдай көрді,
Маңайна жеткеише тынбай келді.
Ленинмен, Горькиймен Мұқагали
Бетховен сонатасын тыңдайды енді.

«Аппассионата» сарыны күніренген,
Көз алдында ақ айданың нұры келген.
Кұлағына тылсымның сыры келген,
Көңіліце көктемің гүлін өрген,
«Аппассионата» сарыны күніренген.

Таңдай біл құдіретті Бетховенді,
Замананың мұншерін шерткен ұлды.
Жырлаған құштарлықты, жек көруді,
Жырлаған қазіргінді, өткенінді.
Жырлаған жерде гүлді, көкте күнді,
Тыңдай біл, түсіне біл Бетховенді.

Баураган музыкамен сырлас жанды,
Жаулаган, жер-әлемді, нұрлы аспанды.
Москва, Пешкованың пәтерінен
Қөсем жайлы сыр шертіп, жыр басталды.

5.

Жыр жазылды,
Мандай тер — сиясы еді,
Жырдың ауыр соқпағы, қиясы, өрі.
Солай қарай талпынған таланттардың
«Советтік шекара» бір үясы еді.

Үясы еді төріне қондыратын,
Жаңа жырға орын бар орынғатын.
Тәй-тәй басқан сәбидей жетелейтін,
Теріс басқан бағытты оң бұратын.

Өтуші еді өлеңнің жиын-кеші,
Нәресте үміттердің күйин кеші.
Аудандық газеттен көп нәр алатын,
Нәр беретін әдебиет үйірмесі.

Түн үйқысын өлеңге бөлген адам
Осы жерден басатын өрге қадам.
Жаңа жырды жабылып талқылайтын
Бас болып редактор сергек адам.

Шалқар шабыт ағысын ташкан жырды,
Нөсер болып, сел болып акқан жырды,
Каламdas серіктегі сапар тілеп,
Астаналық газетке аттандырды...

6.

Ақын бүгін өлеңмен нұр үстайды,
Ақын бүгін өлеңмен тыныстыайды.
Үлкен газет бетінде жарық көрді
Дастаны Ұлы Көсем — Ильич жайлы!

Ақын көнілі аскарлап таққа орнады,
Осы шығар басына бақ қонғаны.

Мейірімді жаэуши Жекен аға
Алматыдан жыл-жылы хат жолдады.

Арайланған ақ таңы атады енді,
Оралар-ау осынау сапар енді.
Тебіреніп, елжіреп, еміреніп,
Эз ағасы Эбділда бата берді.

Шат көнілдің шалқары шалқып жатты,
Күдік бұлты сейіліп, таң тіл қатты.
Әнуарбек, Зәмзәгүл кезектесіп,
Ақын жырын эфирде саңқылдатты.

7.

Күдік бұлты тарады, сезік өшті...
Алау-далау екіұдай кезі көшті.
Ақындықтың тұсауын өзге емес,
Владимир Иличтің өзі кесті!..

ОҢ ЕҚІНШІ ТАРАУ

СЕРГЕЛДЕҢ БЕ, СЕНІМ БЕ?

1.

Бір кездегі бұл да бір арман шығар,
Күа берсөң, ол-дағы алдан шығар.
Шәуілдеген баяны күшік — қырсық
Ілесе алмай, адасып қалған шығар.

Қалған шығар,
Жұлдызы жаңған шығар,
Үстем болып намысы жан қамышылар.
Пенделердің кескіні перделеніп,
Өсектердің жақтары талған шығар.

Сұңқар сөздің қанаты бекінді ме,
Тұлпар ойдың тұяғы жетілді ме,
Ерке жүрек ентігін тоқтатты ма,
Серке көңіл сенімге секірді ме.

Желмен ойнап жалауы тігілді ме,
Тарнаң тағдыр бас иіп, бүгілді ме,
Аскак мінез асау жыр алдыңа кеп,
Алдиярлап, жүрелеп жүгінді ме?!

Дастан жазды —
Куаты білінді ме,
Таланына несібе ілінді ме?!

Дастан жазды —
Сол дастан ақындықтың
Артып койды зіл-батпан жүгін міне...

2.

Бұл ақындық сенім бе, сергелдең бе,
Жоқ әлде екеуі де тен келген бе?
Біржолата қонды ма құдірет жыр,
Жоқ, әлде уақытша жел берген бе?

Ақындық тұғыры ғой ар-намыстың,
Арлы болсаң — аспанға самғап үштың.
Ақындық шаруасы емес саудагердің,
Майда-шүйде тірліктің жанбағыстың.

Әкімдікten, мансантан құр қалдық та,
Еншімізге тағдырдан жырды алдық па?!
Қажет болса, аяма ақындықтың
Жолына өзінді шал құрбандыққа.

Талант бар ма жетімді жұбатардай,
Карсы соққан қамалды құлатардай,
Құлдірердей, күрсінтіп жылатардай,
Бейтанысқа сыр ашып, сынатардай?

...Жоқ, әлде жасанды өлең жазамыз ба,
Жасанды ақша жасаған күнәкардай?

3.

Тағдырым деп өлеңді тану керек!
Ойын емес, ойранды салу керек.
Ақканнан соң тасқындал ағу керек,
Жанғанинан соң лапылдал жану керек!
Сен өлеңді,
Жұрт сені тану керек!
Ол үшін Астанаға бару керек,
Бару керек!

4.

Жалғыз шауып жалқы боп бәйге алмайсың,
Бүйігі бол, мұн басып қайғы ойлайсың.
Адасқан қаз секілді сұңқылдайсың,
Желкені жоқ қайықтай қайрандайсың.

Байқайсың ба — ағынның беті қалай,
Ауылдағы өрістің шеті қалай?
Баспалдағын бастықтың жастанбасаң,
Кітабыңның шығуы екіталай...

5.

Астанаға ақынды жыр шақырды,
Жыр шақырды, әсем ән, күй шақырды,
Кара сиыр сатылып қасап болды,
Карасазда бітпеген үй сатылды.

Сараң ақыл ағайын қалыс қалды,
Жайсаң орын, қызмет, табыс қалды.
Артынан қалмайтың қасқыр иті
Еркінге аманат боп табысталды.

Бұрылмады сенім шексіз еді,
Сол сенімі сертіне жеткізеді.
Қош болып тұр, Қарасаз!
Нар тәуекел!
...Ақын көші қалаға бет түзеді...

УШІНШІ БӨЛІМ

Астанада аспандап жур









ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

ҚУАНЫШҚА ҚҰН ТӨЛЕП

1.

Алматы күт шаңырақ босағалы,
Келсөң, көне, төрге шық, кош алады.
Гүлге оранған шаңарды араласаң,
Көңілің де гүлденіп, жасарады.

Бұдан әсем жер бар деп дауласпалық,
Қала жатыр керіліп тау жастанып.
Мына шебер табиғат бар өнерін
Төге салған осында бау-бақша қып.

Қаланың қалың нөпір ырғагы да,
Толықсып тамылжыған гүл бағы да,
Алатаудың ақшулан шыңдары да
Сұранып түр ақынға жырлануга!

Саялайды бақшада сайран көңіл,
Бар әлемге құшағын жайған көңіл.
Алматы — жаиннат қала, жерүйығым,
Тай қазандай тынымсыз қайнайды өмір.

Әсем қала, демеймін «жан бақтырды»,
Иығында зіл-батпан салмақ тұрды.
Тастақта Мұқағали Мақатаев
Бір орыстың пәтерін жалдалап тұрды.

Шындарға қондырганмен қиял үшып,
Жапырак-арман тоңазып, жияды шық.
Өр көңілді өкініш шідерлейді,
Қызметтер жатады жиі ауысып...

Қызметті қиналмай табыстады,
Жайлы орынға жармасып жабыспады.
Желбіреген туым деп ар-ұятты,
Өмірін тек өлеңге бағыштады.

2.

Шықты-ау бүгін!
Жырлары да жинақ бол шықты-ау бүгін!
Тәбесінен телміріп сұқтанды күн...
Тапшылыққа қалайша бас үрады,
Куанышты қалайша жасырады.

Осындағы ойы ортак жолдастарға
Бір той жасап беруге асығады!
Бітіслеген тағдырмен бітім жасап,
Басындағы даң-дұнды қашырады.

Келсін бәрі — досы да, қасы-дағы,
Шығынданып, шарқ үрып, шашылады.
Тау суындей бүркүрап тасынады,
Тау гүліндей жарқырап ашылады.
...Бір той жасап беруге асығады!

3.

Эттең, шіркін, той дәмі бүйірмады...
Осы шығар тірліктің сұйылғаны:
Быт-шыт қылып арманды, кете барды
Тәлкегі көп тағдырдың құйындары.

О, сұмдық, мынау дүние неғып кетті?!
Асқар тауын ақынның шырып кетті.
Кіп-кішкентай Майгүлін — қызғалдағын
Көшедегі машина қағып кетті!

Қағып кетті...
Іш күйіп жаңып кетті,
Тағдыр тағы сертінен танып кетті.
Сорға біткен тетелес сойқан тағдыр
Ту сыртынан сойылмен салып кетті...

...Тек жылауга табиғат жас беріп пе?!

Жаны ашымай жас ғұмыр, жас көрікке,
Шарт еткізіп бір соғып сынап көрді,
Бас берік пе, жоқ әлде тас берік пе?!

Ақылды еді Майгүлі,
Ақылды еді!
...Мы жатыр шашылып асфальтте!..

4.

Үйір екен үйірлі қырсық әлі,
Ішті мысық тырнайды, тыншымады.
Ойсыраған осынау құрдым үйге
Мұқағали бір кіріп, бір шығады,
Өзегінде өрті бар, тұтіні бар
Сол тұтіннен шыға алмай тұншығады.
Тілегені, күткені осы ма еді,

Тұтін емес, өмірден нұр сұрады.
Жырлаган жоқ — көңілі қыңсылады,
Кайғы өртіне қамалып, тұншығады!
Бұл пәнидің қуаныш, салтанаты
Бәрі жалғаш екен гой, құрсын әрі!..
Осыны ойлап сай-сүйек сырқырады.

5.

Тағдыр солай еркінс көндіреді,
Мейірленіл ол қашан жөн біледі?!
Алдайды да аз ғана еркелетіп,
Қайта соғып, қайғысын тәндіреді.
Өзегінде өрті бар, күйігі бар,
Немен ғана сол өртін сөндіреді?!

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АРМЫСЫҢ, МАВР!

1.

Адастырса еншілес үлес — өмір,
Қаһарынан айрылып, жудесе жыр,
Қарау тағдыр қағынып басынғанда,
Тіресе біл!
Қарсы тұр!
Күресе біл!

Күрес қана шындыққа берген ғұмыр,
Сонда, бәлкім, жылтытар кеуденді нұр.
Әмір деген құралған қайшылықтан,
Қайшылықтар заңына зерденді бұр!
Көңіліце нұр түссін, жарқырасын,
Көңілдегі көлеңке — перденді жұл!
Әлі талай қактырыс алдында тұр,
Жерге қарап тұнілме, женгенді біл!

2.

Ақын бүгін Мавмен сырласады,
Сырласады, ақшулан шынды асады.
Жазира кітаптарға үңіледі,
Сонда еken дәні толық жыр масағы.
Жоқшылықтың жолында құрбан болып,
Баласы өлген әкемен мұндасады.
Британия музейі, кітапхана...
Есігін Мавменен бірге ашады.
Ұлы адаммен тілдесіп, ұғынысып,
Тарихтың тынысын тыңдасады.
Бірте-бірте жақындалп келе жатыр,
Көз алдында сомдалып тұлғасы әне.
Құдіретке құрметті қарауыл бол,
Тұра қалды сап түзеп жыр жасағы...

3.

Маркс солай дастап боп жырға айналды,
Құлак түріп әлеуметтыңдай қалды.
Ал ақын жан баспаған биқтерге
Қалай шығып кеткенін білмей қалды.

4.

— Адал дос аса қажет ақын жаңға,
Досының деуге онымен хақың бар ма?
Өзгермей, өмір-бақи қасында бол
Ақын сені шырылдал шақырғанда.
Жан сауғалап, жалтарып, безіп кетпе
Тоңмойын тағдыр қайғы сапырғанда,
Бейкүнә басы дауға шатылғанда.
Кеуденде тос, корғап қал
Қапылыста
Браконер — сын оғы атылғанда...
Адал дос аса қажет ақын жаңға.

Сыншылармен дәм-тұзы жараспауда,
Қондырады көңілін қораш маңға.
Үдірейіп қарайды кейбіреуі,
Қатып түрған қасаттан жол ашқанға.
Бала бақша жаттаған жырды мінеп,
Өлеңнің өлкесінен аластауда
...Сірә, мына бақастық толастар ма?

Кетсе деп көңілінен күн арайлы,
Түссе деп бір жарқыншак сыналайды.
Қазақтың ұмытылған шалажансар
Сөздерін ояты деп кінәлайды.

Ақынның сазды сырны тыңдамады,
Тыринақ асты кір іздел, мін бағады.

Ол жазғанды мен неге жазбадым деп,
Алдын қып кеткенге тұлданады.

— Жүрген жері даңғаза, бұлік, дейді,
— Жазғандары жазықты, күдік, дейді.
— Болғанды бұрмалады, арыз жаз! — деп,
Ауылдағы шалдарды үгіттейді.

Ақыр түбі ақиқат расталды,
Ақын даусы шарлап жүр шың-асқарды...
Ақын даусы занғарды жаңғыртқанда,
Қиқулап үлар үні ұласқан-ды.

5.

Адал дос аса қажет ақын жаңға,
Бейкүнә басы дауға шатылғанда.
Жалт беріп, бас сауғалап, безіп кетсе,
Ондай доста нәр бар ма, татым бар ма?!

Көреді де, мырс етіп бір күледі,
Несіне ренжісін пақырларға.
Пендершілік қала ма бұл жалғанда,
Бүріп түсер көңілің бүр жарғанда...
Сын — архивте, ал есте аңыз қалды,
Бал көңілге бір уын тамызған-ды.
Ақынға арнап балағат бар ызғарды,
Аруақтың да үстінен арыз жазды...

Маркс — Мавр:
— Мұңайма!
Іс ілгері...
Қасынды да досынды түсін, — деді.
Достың нарқын Маркстен ұғынды да
Энгельстің бейнесін мүсіндейді...

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

ҚАРЛЫГАШЫМ, КЕЛДІҢ БЕ?

1.

Айнала алып таулар құлама шың...
Шұбарталда бір той бар ұлан-асыр.
Бұл өзі аты той деп аталғанмен,
Мағынасы маңызды ғұлама сыр!
Тарих ақсақалдың бір әжімі —
Аласапыран күн кешкен мына ғасыр.

Азаматқа сын болған өткелдері,
Асқар биік шың болған жеткен жері.
Қандай әділ өлшеммен есептелер
Алған шебі, акқан қан, төккен тері?!

Бұл ғасырдың есігін жылап ашып,
Шеккен бейнет шеңберден тұрады асып.
Сондықтан да үрпактар басын қосып,
Жатыр мына ғасырмен... кінәласып...

Бұл тойда жоқ мәз-мейрам, тасыр желік,
Таң қалманыз жанаардың жасын көріп.
Ел бақытын корғаған боздақтардың
Жатыр жұрт атын еске ап, асын беріп...

2.

Жайлай...
Жайлай төрі толықсып, толыскан-ды,
Шаңқан үйлер сап түзеп қоныстады.
Жиырмасыншы ғасырдың үш үрпагы
Бүгін мұнда бас қосып, тоғыскан-ды.

Нарынқолдық өрендер жан-жактағы,
Сабаздар — саны шағын саңлактары —

Ұрпаққа ұран болған Октябрьдің
Келді мұнда ақсақал солдаттары.

Октябрьдің ақсақал солдаттары
Сыр ақтарыл, ойларын салмақтады.
Арналы әңгімеге арқау болды
Өлкеге Қызыл жалау орнатқаны.

Ұлы Отан соғысының солдаттары
Сықырлап протезі, балдақтары,
Шұбартал жайлауына құйылады
Тағдырың тарау-тарау тармақтары.

Ардагерлер!
Енбегі жанған ерлер,
Уақытпен жарысқан тарлан ерлер,
Елін қорғап апаттан қалған ерлер,
Айдаһардың аузына барған ерлер!

Ұрпаққа үлгі ұранды рухтары,
Әрбір сөзі — жаныңды жылытықаны.
Кеудесінде ордені, медальдары,
Кеудесінде снаряд сынықтары.

Ардагерлер!
Сонында үрпактары,
Әлі күнге үрпақлен бір саптағы.
Жиналыпты Шұбартал жайлауына,
Революция әуенін шырқатқалы.

Қарсы алып түр Шұбартал жасыл белі
Ел-жұртының саялы, асыл жері.
Жиналыпты үш үрпак өкілдері
Шейіт болған ерлерге бас игелі.

3.

...Сахнаға ақындар көтерілді,
Жалын жырдан жарқылдал от өрілді.
От өрілді...
Алайда Мұқағали
Сонау топқа қосылмай, жеке жүрді.

«Мен бар!» — деп кеуде соғып көрінбеді,
Әлде бұл әдел сақтал, шегінгені...
Қаладан бірге келген Оразақын
Інісіне ол сонда жолын берді...

4.

Ел сезбекен мұнда бір сыр бар еді,
Ақын жүдеп, өнді де сынған еді.
Қырының әке, жетім ұл, жесір ана
Көз алдында көлбендеи тұрған еді.
Ақынды тебірентіп, тенселдірген
Күйзелістің, гөй-гөйдің ырғасы еді.

...Кез алдыңда той емес, Көктөбенің
Тұлық таспен тұлданған қырманы еді.
Мынау жайсаң жайлаудың қызыл гүлі
Гүл емес, арамшөптер жұлған еді.
Осынау арқан тартқан мықты жігіт
Соқа тартқан қазақи борлак еді.

Тағы талай суреттер будан бөтен
Ғұмыр бойы елестеп тұрар ма екен?!

Мына бір сөніп тұрған кәрі жартас —
Кәрі қайғы төбеден құлар ма екен?!

Мына бір ирендеген Қасқабұлак
Есігінде жастанған жылан ба екен?
Соны ойлап ақын көзілі қан қақсады,
Япыр-ай, адам жаны шыдамды екен!

Бой дел-сал,
Ой қаңғырып тентіреді,
Санасын бір сандалтып ертіп еді.
Әмірдің шатқалдарын ой шарласа,
Жартастарға соғылып, мертігеді...
Сондықтан ол несіне мәз болады,
Ол несіне жыр оқып желпінеді?!

5.

Тойдан ақын торығып, жасып қайтты,
Алаулаган жалынын басып қайтты.
Дегенмен, десте гүлдей олжасы бар —
Жырдың бір тылсым сырын ашып қайтты.

Жыласа егер жүрегің шын жыласын,
Тынырласын, кеуденде ұргыласын.
Ойлар, ойлар миынды үркүласын,
Солдаған шындық бол шыңғырарсың...

6.

...Ауыл барды,
Кенқұлақ сайын көрді,
Аралады бауырмал байыргы елді.
Су сұраса сүт берген, айран берген
Жер көніл жесір жаңге жайын көрді.

«Қайран жеңге!» — жанардан тамды жасы,
Соғыс, соғыс қан болған қанжығасы...
Алдан шығып, ақынмен мұндасады
Сыңарынан айрылған қарлығашы!

Елишенбүйрек!
Карагай жасыл өрім,
Иығынан қиялай асып едің.

Жөнелді тұяғынан шаңы өрлең
Асан ата мінгізген «Бәсіренің».

Тау өзені тас-талқан тасып жатыр,
Ақ көбігін актарып шашып жатыр...
Жастық шактың осынау суреттері
Өмірбаян беттерін ашып жатыр...

Көз салсаңыз өткен күн — мұнар жайға,
Көшкен дәурен суреттен құралмай ма?
Коржын тамың іргесін тінтіп шыкты,
Бесігіне байланған жылан қайда?!

Қайда болсын?
Бар, зие, жорғалайды,
Жылан өлсе — ақынға ол да қайғы.
Барлығы да, бәрі де өрнектеліп,
Ақ қағазға өлең бол сорғалайды.

Ой шіркінде шек бар ма?
Болжамы көп...
Тебірентіп, толқытып, толғады кеп.
Мұқағали той дәмін татпаса да,
Алматыға оралды олжалаң бол.

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ДАРИҒА ЖҮРЕК ДҮРСІЛІ

1.

Дариға жеңге!
Арайлы арман еді,
Арман еді, салтанат саңлағы еді.
Өзі өлсе де өсегі көрге сыймай,
Ел құлағын еліртіп қалған еді.

Сыртта қалған өсегі қабындаған
Мына жүрт жүз қара дел қабылдаған.
Махаббаттың, намыстың құрбандығын
Ақтайтын бір адвокат табылмаған.

2.

Өсек әлі өлген жок, жанады әлі,
Тарау-тарау аңыз бол таралады.
Барған сайын құбылып, жаңарады.
Тірі қалған пенделер шімірікпей,
Табытын тәлекек етіп табалады.
Сұры жат, сумандаган сұық сөздер
Тікенек бол ақынға қадалады.

Аяз шалған жүректе қырау бар-ды,
Дүр сілкінді, быт-шыт бол бұғау қалды.
Дариғаның бағыштап аруағына
Құрыш қалам құлшынып тың аударды.
Осынау жеңгесінің бұлагында
Мөп-мөлдір, толқын-толқын жыр аунады,
Тұп-тұнық толқындаған сыр аунады.

Кесек шумақ, толқын ой туып жатыр,
Өсектерді өкшелеп қуып жатыр.

Дариғаның жүргегін — пәк жүргегін
Лайсаннан аластап жуып жатыр.

Неткен толқын, неткен жыр толасы жок,
Шарықтайды махаббат одасы бол.
...Дариғага ескерткіш орнатылды,
Ескерткіш орнатылды...
...Моласы жок!!!

ОҢ ЖЕТИҢШІ ТАРАУ

АҚЫНДЫ АҚЫН ЖОҚТАЙДЫ

1.

Өлеңдер...
Өмір жайлы...
Өлім жайлы...
Өлім жайлы өлеңдер — қалың қайғы.
Кезінде жазып тастап құтылмасаң,
Санакда сал бол жатып дамылдайды.

Қайғыны жазады ақын азаланып,
Мұңайып, үйқы бөліп, назаланып.
Өлеңі өршеленсе, нөсерленсе,
Көңілі шығатындай тазаланып.

...Өмір — сапар қай жерде қылады?!
Топырағы қай жерден бұйырады?!
Несібесі қай күні таусылады?!
Жыр нөсері қай күні тыйылады?!
Әзірше ауа жұтып тірі журсе,
Ол тағдырың бір мысқал сыйы-дағы.

Қай күні бетің әрі бұрылады?!
Қай сэтте ыстық қаның суынады.

Қай сәтте тіл күрмеліп буылады?!

Қай сәтте жаңар сөніп жұмылады?!

Қай күні шаңырағың тұлданады?!

Қай күні армандағың ұрланады?!

Еңкілдел елден бұрын кім келеді?!

Құзетіл табытыңды кім қалады?!

Киын гой бұл өмірдің шырғаланы,

Бірде олай, бірде бұлай ыргалады...

Біреуден дабыл қаққан жыр қалады,

Біреуден сырпайлатқан сыр қалады.

Біреудің несібесін ит иіскейді,

Біреудің сыбагасы ұрланады.

Өлген күн біреу үшін ұлы дүрмек,

Ертесінде-ақ тым-тырыс, жым болады.

Ұмытылып қалады ондай өлім —

Жыртылған календарьдың бір парагы...

2.

Бір жұлдыз мәлдір көктен ағып кетті,

Ағып кетті, жарқырап жанып кетті.

«Кырғын ақын қылды!» — деген хабар,

Суық хабар жүректі қарып кетті...

Кеше ғана шығарып салған еді-ау,

Бірге жүріп жол қамын қамдап еді-ау.

Беталысын, бағытын сурағанда,

Қарақалпақ өлкесін таңдаң еді-ау.

Ол үшқанда қол бұлғап қалған еді!

...Әр іздел, тұнық сүзген тарлан еді,

Тұла бойы тулаған арманы еді,

Қаруым деп қаламын карман еді.

Жана ғана үшқыны көтеріліп,

Жана ғана алаулан жаңған еді.

...Жол ақы — тын-тебен табылған сой,
Бұл да артынан Қекіске бармак еді...

...Төлеген сонда күтіп алмақ еді...

3.

Өмірмен өткен күндер жарыспай ма?
Адыра қап жиған пұл, табыс, пайда.
Көрінгеннің көзіне күйік болып,
Шашылып орта жолда қалысай ма?!
Бір күні арғымагың омақасып,
Тағдырың табытпенен табыспай ма?!
Кособаның басында бір ажал бар,
Сүм ажал, сен шегінсен, алытай ма?!
Ағайын ардақтысы мерт болғанда,
Басына бауырымдан барыснай ма?!
Жігіттер, боздақ өлді, боздан өлді,
Жүріндер, арулайык, намыс қайда?!

4.

«Барайық!» — дең ешкім де үн қоспады,
Үн қоспады — ол да бір мұң қосқаны.
Япыр-ай, Төлегениң қайда кеткен
Жанаңыр жолдастары, құрдастары?!

Зая кетіп шарқ ұрып сабылғаны,
Табылмады, бірі де табылмады!
Бытыран нұрлан кашқан таракандай,
Сылтауларын бетке ұстан жабындалды.
Осы шығар ойынын тоналан бои,
Тынысының түшінген тарылғаны!
...Көздің алды көмескі, тұманданын,
Жүрегі тұр бомба бол жарылғалы...
...Осы шығар Ажалға алғаш рет:
«Ел ішінде өлтір!» дең жалаңғаны...

5.

Өзегіне күйік-шоқ түсіп кетті,
Қай-қайдағы ойларды күшіктетті.
Дарқан көніл дағдарып, қусырылып,
Тұла бойын тұмшалап, қысып кетті.
Көрші орыстан несие сұрап алып,
Жасын түскен шынарын көрмек үшін,
Ерте үзілген сынарын жерлеу үшін
Жалғыз өзі Нөкіске ұшып кетті.

6.

Ылди екен алдағы өр дегені,
Ақынның өлімі еді көрмегені.
Осы екен ғой қазасы шын ақынның,
Сол үшін-ақ бейтаныс жерге келді.
Кеше ғана жарысқа жарап тұрған
Жайрап жатыр дүлдүлі кермедегі.
Кеше ғана қанатын сертке сермелеп,
Бұлтты жарып сұңқары өрлеп еді.
Міне, бүгін өкіріп, өксіп жылап,
Өз қолымен арулап көрге берді!..

7.

Кеудесіне кесел бол көп қайғы енді,
Досқа ұмтылып жүрегі соқпайды енді.
Женіл-желлі желікпе саяқ жүріс
Тұғырына тұрактап, тоқтайды енді.
Тоқтайды енді!
Өлең бол көп қайғы енді,
Өкінішті күндерін соттайды енді!
...Жыр жолында қаламын еңіретіп,
Төлеген мен Қасымды жоктайды енді.
Жоктайды енді!

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ЖАНАРЫНДА — ЖЕР ШАРЫ

1.

Уа, Шабыт, тізгінді босатлашы,
Жиһанкез шал Қорқытқа қосақташы!
Аласұрған арманға өріс болмас
Үй күшік ой, от басы, ошақ қасы...

Қаңғытсаң қаңғыт мейлі,
Тек қалғытпа,
Ежарлыққа егінін отатлашы!..
Қалжыраса, қалғыса қамшыңды бас,
Уа, Шабыт, тізгінді босатлашы!

2.

Караши мәлдір көктің келбетіне,
Шіркін-ай, қалқыр ма еді тербетіле.
Бұл заман космостың дәуірі ғой,
Космостан үңілсе жер бетіне —
Шамасы келер ме еді жомарт бұлт боп
Жер шарын несерімен селдетуге?!

Жарайды...

Бұл мәселе шешілуде
(Болады ғой қиялды кешіруге)
...Орбитада ақын жүр шыр айналып
Жер шарына үңіліп, тесілуде:
Мақұл-ақ несер болып жауды делік,
Құптайық құйын-арман кесімін де,
Азия — Аиасының шашы өртенді,
Шамасы келер ме екен өшіруге?!

Сахара дымы құрып шөлдеп жатыр,
Өлімге мойын ұсынып көсілуде.
Айсберг — тауларды құр қаңғыған
Бола ма Сахараға көшіруге?!

Аштыктан азап шеккен нәрестелер
Кынадай қырылуда бесігінде.
Канқұмарлық жоймақ боп тіршілікті,
Камданып, кару сайлап, өшігуде.
Үреймен жердің шарын орай алып,
Қуанышты, үмітті тонап алып,
Жаңагы жарқыраған иұрлы жерге
Әп-сәтте қайғы бұлты қона калып,
Ракета жамылған
...Кірпік шешен —
Жер шары барады әне домаланып!

3.

Бітті дей бер таусылып жыр кәусары,
Мәңгі тунек ориады, нұр қаусады —
Ол үшін жетіп жатыр наркоманның
Киоджага жармасқан бір саусагы!
Сондықтан тілдесейік, келісейік,
Әтті гой Тарихтың мылқау шағы!
Шерменделер шегінен барады асып,
Қасарысын, қарысын, қара басып...
Жөніце көш адамзат, жөніце көш,
Аруақтармен кетпейік араласып.

4.

Осыны ойлап жігері құм болады,
Ақынның адасады жыр-қонағы.
Тіршілікten үміті үлессіз қап,
Сенімдері сынаңтай сырғанады.
Ақ қояниның жымын да аңдын жатқан
Жыртқыш ойлар сезімін тыриалады.
Егер де есер дауыл шын басталса,
Бұл ғұмырдан кім көшіп, кім қалады?
Несіне өлең жазып жыртандайды,—
Өлеңді де, өзі де күл болады!
...Біреулер түрмеде отыр жаңын қия,

Біреуде сән-салтанат әдемі ұя.
Бұл өмір құйқылжыған құдірет қой,
Бейне бір «Құдіретті комедия!»
Соны ойлап ақын жаңы жабығуда!
Жабығуда, қарс үршін қамығуда.
«Тіршілікте бір көріп қарайын!»— деп,
Койын кетті Дантенің «Тамұғына!»

5.

Жок, Тағдыр!
Алғаш беттен аумау керек!
Әртке қарсы өрт болып каулау керек!
Жаксы жыр миллиондар сыйбағасы,
Милиондар жүргегін жаулау керек!

Кетпес ізгі еңбегің бекер құйіп,
Күреске тұс белінді бекем буын.
Чили — сенің жүрегің
Кан жоса ғып
Жұлып алып қеуденнен көтер биік!

Жүрек!
Жүрек — ардың гүл дестесі бұл,
Өмір үшін сәуле бол, өшпесін нұр.
Ильичпен қайта ақылдас,
Сын сагатта
Большевиктер кимылын еске түсір!

Кернен тұрган қеуденді нала сазы
Ақтарылса, ақынға жарасады...
Қансыраған Чилиді Отан деп ұқ,
Оның да бір бар шыгар Карасазы!..

Өз қолыңда жеңілу, жену-дагы,
Өзіце аян айбынды шеру бары.
Қосыл соган ақындық даусынмен,
Арашала Пабло Неруданы!

ОН ТОҒЫЗЫНЫШЫ ТАРАУ

САҒЫНДЫРҒАН САРЖАЙЛАУЫ

1.

Москва!

Қалалардың ақсақалы,
Русьтің қасиетті қарт шаһары!
Москва таланттарды тағалайды,
Москва бағыт сілтеп, бақты ашады.
Москвадан тарайды жер жүзіне,
Арайлы алтын күннің ақ шашағы.
Кеудені жырға бөлеп, нұрға бөлеп,
Атады арманыңың ақша таңы!

Москва!

Русьтің қасиетті қарт шаһары,
Айқара ашулы тұр қақпасы әні.
Келгендег Кремльдің босағасын
Өр көңіл — мактанышпен аттасады.

Кемеңгер Лениннің мавзолейін
Аялап, көз алдында сақтасады.
Куранттар жүректермен бір соғып тұр,
Секундтар тамырыңды тап басады.
Мәңгілік жанып тұрған Шоқ жұлдызы.
Жаныңа жалын құйып, от шашады.

2.

...Осы еді ғой арманы, көздегені,
Орындалды кәнеки өз дегені...
Бір кезде Москвандың көшелерін
Киялымен қыдырып кезген еді.
Шөліркеген сузынын қандырады,
Сұнқар болып самғайтын кез келеді.
Казынасын білімнің қақтап сауып,

Түрленеді, түләйді өзгереді!
Арманның аспанында шарқ ұрады,
Жарқылдаған шабытқа сөз береді!

3.

Карт Москва!
Мәңгілік жастығың бар,
Мәңгілік толастамас тасқының бар.
Соны айтып жар салып түр көшендегі
Колтума қола мүсін тас тұлғалар...

Тас тұлғалар — тарих перзенттері,
Дайын түр киялыңды тербеткелі.
«Біз де сендей мазасыз жан болғанбыз,
Жасқанба, қатарға кел, төрлет!» — деді.

Осы болар шабыттың шалқығаны,
Жырдың дәмін қауыздан аршығаны.
Тас тұлғалар қондырыды иығына
Қырдан келген қыран құс —
Каршығаны...

Тас тұлғалар ақынға міндеп артты,
Өлеңінен адалдық, ар сұрады.
Тас тұлғалар талантқа бас үйретіп,
Тас тұлғалар талантты қамшылады.

Тас тұлғалар!
Азаттық жаршылары,
Әрқайсысы тірліктің шам-шырагы.
Тас тұлғалар — Тарих қарияның
Қатып қалған маңдай тер тамшылары...

Тас тұлғалар мәңгілік тағында түр,
Көңілдің гүлдерайым бағында түр.
Тіршілікті тапжылмай күзетіспіл,
Рухтары халқының қанында түр.

Жүректерде қорек бол ағып жатыр,
Кеуделерде дабылын қағып жатыр.
...Қасиетті Кремль іргесінде
Белгісіз солдат бол та жанып жатыр.

Белгісіз жан!
Белгісіз жогалған кім?
Есте ғой, есте отқа оранған күн,
Жау ентелеп, қайғыға қамалған күн,
Үрей мендеп, үмітің тоналған күн...
Сол сәтте қаһарман ел дүр сілкініп,
Жасақ құрып
Жалынға оранған күн...

Осынау ойран-толыр апат шақта
Бейнесі белгісіз кап жогалған кім?
...Кремль іргесінде жанып жатқан
Сүлейменнің сүйегі болар, бәлкім?

4.

«Мен сендерді іздемеймін», майдандастар,
Майдандастар, құшағын жайған достар,
Жаны бірге киядан тайған достар,
Қаны бірге суалған қайран достар,
Қайран достар!..

Қайран достар ақынды сагындырды,
Санасын сағынышқа бағындырды.
Қайта-қайта Қарасаз түске енеді,
Самалды Саржайлауы сагым құрды.

Сагынды Саржайлауын, сахарасын,
Сагынды саумал бұлак татар асын!
Сагынды Қарасазын — қара өлеңін,
Қара жұртын басқарған отағасын.

Сагынды самал желін төтедегі,
Белдерін тубіт түкті бетегелі.
Мейірімді Москва, кешіре көр,
Кешіре көр, ауылына кетеді енді!

Москва, ракмет!
Ұстаз жандар
Біршама білім беріп, жетеледі,
Саржайлау сағындырыды...
Кетеді енді.

5.

Тілеңдиев Нұргиса — Нұр ағасы!
Әнердің өрге жүзген ғұламасы,
Домбыра пернесінде пері саусак,
Көңілдің көп күттірген құмар асы.
Кондырыды сазды жырдың көгерінін
Музыканың мұнарлы мұнарасы!
Мұнара сазды әуемен жаңырықты,
Тәнті қып, тамсандырып барлық ұлтты.
Көңілге көбелегін қондырыпты,
Арманға алау шоғын жандырыпты,
Нұргали мен Бақыттай сандуғаштар
Құмартқан құлак құрышын қандырыпты.

6.

Музыка — жыр соулесі, жырдың нұры,
Екеуді егіз туар, бір кіндігі.
Ойқастап, атой салып, алыс самар
Косылса ән бұлбұлы; жыр дұлділі.

Кос толқын қосарланып акты осылай,
Кос жүйрік бірін-бірі тапты осылай.
...Ей, ғұмыр, ұзағырак аялдашы,
Тоқтай тұр бастарынан бақ шошымай!

ЖИҮРМАСЫНШЫ ТАРАУ

ЖАНАЗА

«Дай им вечный покой...»

Моцарт

«Топырағы торқа болсын...»

Моцарт

1.

Ауру аты жазылған латынша,
Не дерсің мына қырсық, мына сынға —
Қабаган қасқыр иттей ала түспей,
Қайтер еді азырақ тұра тұрса?!

Науқас күтіп, кідіріп тұрмайды екен,
Бір мендесе — бетін оң бұрмайды екен.
Сенделумен өткізген күн қайғы екен,
Кірпік ілмей өткізген түн қайғы екен!

Ортайып титықтаған ойран көніл
Арнасына айналып толмайды екен.
Дәрігерлік сөздіктен науқас жайын
Біліп алсаң — бәрінен сол қайғы екен.

Сол қайғы екен, апыр-ай, сол қайғы екен,
Емдегенмен, жазуға болмайды екен.
Қақпас ажал қашан кеп әкетер деп,
Сағаттарын есептеп сорлайды екен!..

2.

Шіркін тірлік осылай бұлініп тұр,
Сенімі қыл тұзакқа ілініп тұр.
Арманы алып қашқан тұлпар еді,
Тұлпары ажал — жарға сүрініп тұр.
Тірелген жер — шындықтың шынырауы,
Шынырауға телміріп, үңіліп тұр...

Біледі: бұл науқастан құтылмайды,
Ғұмыр санап сағаты тықылдайды.
Баяғы көрік кеуде көтерілмей,
Көңілді ыстап жатыр түтін — қайғы...
Бұлтылдаған бұлшық ет сұлық түсіп,
Сүйек, буын қозғалса сықырлайды.
Қынға дір етпеген қыран жүрек
Торғайдай қолға түскен тыпырлайды.
Тыпырлайды...
Амал не, құтылмайды,
Сонда да қабағы бір шытылмайды.

3.

Мейманхана бөлмесі күңгірт еді,
Күңгірт еді, тым-тырыс, жым-жырт еді.
Ағасымен қоштасқан Еркінді бір
Құлазытқан сұр тұман сыр бүркеді.

Япыр-ау, не деп кетті, не дегені:
— Енді мені аруаққа теңе,— деді.
Шарасыздың сөзі ғой бұл айтқаны
Желкені жок, ескексіз кемедегі.

— Қалқайып түр құр сұлдем құламаған,
Ешкімнің ықыласын сұрамаған,
Ешкімге жалбарынып жыламаған,
Емханаға жалынар мынау ағац...

Дүбірлетіп дүние құрамаған,
Бақ деңгейін байлықпен сынамаған,
Тапшылық тақырына тұралаған,
Тар төсекке таңылар мынау ағац...

Бар қырсыққа бір өзін кінәлаған,
Құрсауламай сыннығын сыналаған,
Кең дүние тарынып,
Талықсып кеп,
Тар төсекке таңылып тынар ағац...

Табар сонда біржола жанға тыным,
Бұл саған соңғы тілек болмақ, інім!
Құлағынды түріп жүр телефонға,
Хабарын күт,
Хабарын Алматының!..

Мен сонымен айымды батырамын,
Қапыдамын қайтейін, қапыдамын.
Айтпақшы, орамалға түйіп әкел
Бір уыс Карасаздың топырағын!

4.

Мейманхана бөлмесі жым-жырт еді,
Жым-жырт еді,
Сәулесіз күнгірт еді.
Ең соңғы аға сөзі құлағында,
Еркінді сүр тұман бір сыр бүркеді.
Терезеден сұп-сұр боп көрінді аспан,
Быт-шыт болып, құлазып көңіл қашқан.
«Бауырым, батыл бол!» — деп жазып берген
Колында өлең кітап — «Өмірдастан».

5.

Тіл ұшында айтылмай сұрақ қалды,
Аға кетті қоشتасып,
Жыр аттанды...
Еркін жалғыз егіліп отырганда,
Кастек пеңен Сәкен кеп жұбатқан-ды...

6.

Көктемнің бір азалы күні келді,
Алма ағашы бұтақка бүрін өрді.
Моцарттың жан ашуы —
«Жан азасы»
Табытының басында күніренді...

ЭПИЛОГ

Аяз көңіл шабыт отын жақпас-ты,
Бүгін менен өлең безіл,
Бақ қашты.
Ой қожырап, тұғырына қона алмай,
Семсер сезім серттен тайып дат басты.

Хантәңірі мұңарланып қалғиды,
Мұнар басып бар әуенде, бар күйді.
Қанша пендे сол биікке жетуге
Белін буып, бейнет шегіп, жан қиды?!

— Менің орным етекте емес, төрде! — деп,
Ақ мандайын самал сипап, жел жебеп...
Өршеленген өр мінезді өлеңдер
Мұнар тауға бара жатыр өрмелей.

Өлеңдерді өрнектеген кеменгер,
Дегендей-ақ: «Әлеметті менен көр!»
Кыран жырды өрлетеді биікке,
Ал өзінің жатқан жері —
Терең жер!

Терең жерде тек жатпайды кеменгер,
Жер бетіне шапағатын себем дер.
Хантәңірі иығында жұлдыздар,
Жұлдыздары —
Мөлтілдеген өлеңдер!..

ҚАРАСАЗ

I.

Мынау жатқан Қарасаз —
Елшенбүйрек етегі —
Бір шеті мен бір шеті,
Тай жарысқа жетеді.
Жылап аққан жылғалар,
жамырап кеп қосылып,
Қарасу деп аталған,
өзен болып кетеді.
Қарасудың бойында
алақандай бір ауыл —
Малын бағып күн кешкен
момын елдің мекені.

Қарасуда толқын жоқ —
жай жылжыған ағындар,
Тасу, ашу көрсетпей,
иірімде дамылдар.
Жайланаудың біраз ел
бие байладап тойласа,
Етегінде жастар мәз,
қағылады дабылдар.

Тұнық елдің осы еді,
сәулеті де дәuletі,
Бұл ауылда болмайды,
содыр, сойқан, әулекі.
Қарасудай мөп-мөлдір
ынтымағы шайқалмас.
Райымбек батырдың —
ырыс конған әuletі.
Өсиеті бабаның
өнеге бол өнетін,

Қажет болса мал түгіл,
жанын бөліп беретін,
Бір шаңырақ тұл болып,
көзін жұмса бір адам,
Бұкіл ауыл шүркышап,
бұкіл елі көметін.
Ортақ еді шаттыры —
той жасаса осы ауыл,
Өзімсініп тәнірек
шақырмай-ақ келетін.

II.

Кесепатсыз кезенді
шуағы мол шақтарды
Қалерсізден осы ауыл,
өткеріп бір жатқан-ды.
...Қырық бірдің шілдесі,
күтырып кіріп ғасырға,
Жадыраган жаз еді-ау.
Бейқам елдің басына.
Аңыратыл әкеліп,
орната салды ақпанды,
Тынып қалды күлкілер,
пәк көнілді дат шалды,
Нұры сөнген дидарлар
қайғы ертіне қақталды.
Тұннығып қалды Қарасаз,
Түнеріп қалды Қарасаз —
Атқа мінер азамат
соғысқа түгел аттанды,
Күйзеліп тұрып кемпір-шал,
Еңіреп тұрды жесірлер,
Күрсініп тұрып жетімдер,
Қыбыр етпей тыңдады,
майданнан келген ақпарды.

Үнсіз-түнсіз содан соң,
кірісуші еді жұмысқа —
Ауылдың ауыр бейнетін,
осылар енді ап қалды.
Есте ғой, есте, әлі есте,
Ұмытылмайды ондай күн.
Өкініш пен өксікті
өткердік орны толмайтын.
О, ғажайып, мұндайда,
қайғы да қайрат береді-ау,
Карасазда сол жылдар
ауырган адам болмайтын.
Жалаңаш етке жыртық тон,
курсағы ұлып жатса да,
Жұмыста жүрген колхозшы,
ешқашан жаурап тоңбайтын.
Қабырғасы катпаған
он жастағы жетімдер,
Тұлық тастың отына
тырмысып шығып орнайтын.

Көрмей-ак естік осылай
сәбілік шактың шуағын.
Ойнамадық бала боп
қырманнан ұзап бір адым.
Ғұмыры тозып, таусылып,
ажалы жеткен аксакал.
Аңызда құлай салатын,
соқаның ұстап құлағын.

III.

Осынау соғыс ел үшін —
тағдырдың қатал жазасы,
Сондыктан соған арналды
халықтың ашу-назасы.

Қаралы болған шаңырақ
енсесін жаңып ел-жұрттың,
Апат болған азамат —
ел-жұрттың жоқтар казасы.

«Қара қағаз» тапқанда
тұрақтайтын бекетін,
Суық хабар тым жүрдек
сумаңдап жылдам жететін.
Сор мандай үйге халайық
боздақты жалғыз жоқтатпай.
Қаралы бүкіл Қарасаз
күңгіреніп кететін.
Қайғы-шер, ыстық-көз жасы
бар жанаңдан тәгіліп,
Сұнқылдаған жоқтаулар,
сай-сүйектен өтеді.

Ел-жұрттың мият болғанда —
көңілінің сүйген, бекем бой,
Дәл осындай күй-жайды
ұмыту эсте бекер гой.
«Бауырымдал» ат қойып,
қатар тұрып жас төгу —
Ынтымақтың белгісі,
бауырмалдық екен гой...

IV.

Қанға жерік сүм соғыс
арашын ашын тамсаңды,
Есепте қазір бөрі де —
қашасы қалып, қаша алды?
Шала-жансар Қарасаз
шалдықса да шаттанып
Майданинан қайтқан жарымжан
мүгедектерін қарсы алды.

Көрпелдес тоқты сойылып,
той-томалақ болатын,
Ішім-жем тапшы болса да
көңілге шаттық қонатын.
Ошақтарда ақ тілеу —
ұміттің шоғы маздайтын,
Тағы да біреу келер деп,
жүректер лұп-лұп согатын.

Ақталып жатты кей үміт,
датталып жатты кей үміт.
Қатердің бұлты қақырап,
фашистер жатты жеңіліп.
Жақсылық хабар молайып,
корқыныш сезім сейіліп,
Карасазды жайланаң
куаныш, қайғы телініп.

Қайсыбір үйде қемпір-шал
екіүдай күйге тал болды,
Бір ұлына той жасап,
бір боздақ үшін егіліп.
Қаңылтақ көрле астында
көз жасын төгіп жастыққа
Жас жесір жатыр дөңбекшіп,
қабыргасы сөгіліп.
Әкесін танып үлгермей,
күрсакта қалған жетімдер,
Жаутаң-жаутаң етеді
әркімге қарап емініп.

V.

Қайғыра білген Карасаз
Кайраттана да біледі,
Адамдары қогамшыл
Отан деп соққан жүрегі.

Еңбектің қара қазанын
қайнатып жатты күн-тұні.

Жылыбұлактың жазыры,
Көктөбенің бауры,
Карасаздың түбегі...

Ақысыз-пұлсыз еді ғой
алапат азап шеккені
Оракиен астық органды,
уыстап тұқым сепкені.
Арық қазған диқанның
қолынан әсте түспейтін
Бір мүшесі секілді
кургегі менен кетпені.

Осынау күнге не болған,
шуағын сарап шашатын,
Осынау айға не болған,
дидарын бұлттар басатын?
Баланың аты бала ғой,
жұмыстан қажып кей кезде,
Ауылға қарай жылыстал,
ши сагалад қашатын.
Құдіретті екен-ау,
сондагы өмір талқысы,
Құдіретті екен-ау,
соңдагы көздің тамшысы!
Еңіреп барын жетімек
етпетінен түседі
Жотаны жонып өткенде
бейнеттің зілдей қамшысы.

Естісе ұрыс біреуден
еңіреп бала құлайтын,
Бәрі де заңды секілді,
бәріне тәзін шыдайтын!

Бригадир аға атынан
қарғып түсіп жұбатып,
Жұбатып тұрып өзі де
енкілден тұрып жылайтын.

VII.

Сойқанды жылдар, сол жылдар,
еркелетпеді ешкімді,
Табиғаттың заңынан
өзгеше өмір кештірді.
Аярын басқан жас бала
бір-екі жылда ер жетіп
Бесікте жатқан сәбиге
тілі шықпай жатып ес кірді.

Осындай еді-ау әрине
тахуа тағдыр шешімі.
Тірлікке және жат еді
еркелік, шолжаң, кесірі,
Қырмандағы баланың
сабаннан болып төсегі,
Ауылдағы сәбидің
тербетілмей бесігі.

Катыгез еді-ау қысы да,
азынап боран кететін.
Аяздың табы әп-сәтте
көк сірне тоннан өтетін.
Тұлқі құрсақ, бұрсенде,
мектепке таңда жеткенде,
Қакырап тұрған шоқайдан
башпайлар жылт-жылт ететін.

Бойды да жылдам жылытпайтын
ақ қырау шалған мектебі,

Кебеже карын пештерге
жағатын отын жетпеді.
Бір партага үш-төрттен,
сығылысқан баланың
Кызыл шака саусағы,
домбыққан күрең беттері.
Бір класс үшін табылса,
бір оқулық жетеді.
Күйеден еді сиясы,
газеттен еді дәптері.

Осындай күндер өткен-ді,
осындай жылдар өткен-ді.
Осындай катал бір кезең,
балалық шакты бектерді.
Кatal да болса сол тірлік
ұсындағы үрпакқа
Касқайып қарап тағдырға
қайсарлық берді, от берді.

Сондықтан олар барып жүр
сындарға небір шошымай,
Жағадан алса қындық
жалтаңдамай, жасымай.
Батырларын Қарасаз
осылай шындал, суарды.
Хат танытты Қарасаз
ақындарына осылай...

VII.

Мынау жатқан Қарасаз —
Елшенбүйрек етегі,
Бір шеті мен бір шеті
тай жарыска жетеді.
Бауырынан бастау ап,
аунап акқан бұлактар

Жамырап кеп бас қосып
Карасу боп кетеді.
Карасудың бүл күнде
абыройы осындай
Берекелі ел-жұрттың
бейбіт жатқан мекені.

Карасазды ақыны
жерүйыққа теңейді.
Осыған сай ырысы,
тынысы да кеңейді.
Ыңғарсыз мәрт көңілдің
әрбір күні сәулелі.
Ынтымакты өмірдің
биік тұрар мерейі.

VIII.

...Айналайын Карасаз,
Қасиетті бесігім.
Мен үшін мына ғұмырдың
айқара ашқан есігін,
Мәңгілік менің жырыма
үзілмес арқау өзіңсін,

Туган елдің туының
тұғыры болсам, несі мін?!
Өлеңім сенің тойыңда
шашыла берсін шашу бол,
Бар байлығым осы еді —
мандайға біткен несібем.

Алапат өрттің қайғылы
қоламтасын қозғадым,
Ауыр да болса айттым мен
соғыстың салған кесірің.

Балалығын еске алып;
бәлкім, біреу жасарды,
Бәлкім, біреу жабырқап,
жанарына жас алды,
Бәлкім, біреу күрсінді
Қателессем — кешіргің!
...Айналайын Қарасаз —
қасиетті бесігім!

МАЗМҰНЫ

Хантәнірі, қайдасын.

Пролог 5

БІРІНШІ БӨЛІМ

Қасіретті жастаңған үл

Бірінші тарау. Қарасазда қара жұт	10
Екінші тарау. Қара суда иірім	16
Үшінші тарау. Қарасазда қасірет	21
Төртінші тарау. Қарасазда мейірім	30
Бесінші тарау. Нар тәуекел, Нарынқол!	35
Алтыншы тарау. Қарасазда Ләсіман	39
Жетінші тарау. Алматыда ауа райы тамаша	49

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қарасаздан басталған жыр

Сегізінші тарау. Қарасазда шуақ күн	60
Тоғызынышы тарау. Қарасазда қам көніл	66
Оныншы тарау. Ұстаз керек үрпаққа	69
Он бірінші тарау. Нарынқолда Ленин	77
Он екінші тарау. Сергелден бе, сенім бе?	82

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Астанада аспандап жур

Он үшінші тарау. Қуанышқа құн төлең	88
Он төртінші тарау. Армысың, Мавр!	92
Он бесінші тарау. Қарлығашым, келдің бе?	95
Он алтыншы тарау. Дариға жүрек дүрсілі	100
Он жетінші тарау. Ақынды ақын жоқтайды	101
Он сегізінші тарау. Жанарында — жер шары	105
Он тоғызынышы тарау. Сағындырған Саржайлауы	108
Жиырмасынышы тарау. Жаназа	112
Эпилог	115
Қарасаз	116

Ібітанов Еркін

I 15 Хантәңірі, қайдасың: Поэмалар.—
Алматы: Жалын, 1989.— 128 бет.

«Хантәңірі, қайдасың» атты поэмага арамыздан ерте кеткен Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы өзек болған. Ардагер ағаның Адам, Азамат, Ақын ретінде тұлғалануы өз кезінің әлеуметтік шындығы арқылы шынайы өрнектеледі. Сондай-ак, жинақтағы «Қарасаз» дастаны да окушыны селқос қалдырмайды.

и 4702250202—181 26—90
408/05/89

ББК 84 Каз 7—5

ISBN 5-610-00560-4

Литературно-художественное издание
ЕРКИН ИБИТАНОВ
ПОКЛОНИЮСЬ ТЕБЕ, МОЙ ХАН-ТЕНГРИ
Поэмы
(На казахском языке)

Редакторы Е. Дүйсенбаев
Суретшісі Н. Наурызбаев
Қөркемдеуші редакторы Р. Койшығулова
Техникалық редакторы Н. Күшинарева
Корректорлары Т. Абдрахманова, С. Ыбраева

ИБ № 4274

Теруге 31.01.89 жіберілді. Басуға 13.12.89 қол қойылды.
УГ № 14116. Форматы 70×90¹/₃₂. Қағазы тип. № 1. Қаріп түрі «әдеби». Шартты бояу көлемі 4,86. Шартты баспа табагы 4,68. Есептік басылу табагы 5,11. Тиражы 3000 дана. Заказ № 3550. Бағасы 70 тиын.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «КИТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк жөне жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.